

ЖАРКЕНТ

№1 (45),
8 қаңтар,
жұма, 2021 жыл,
jar-aina@mail.ru



Айнасы

Қоғамдық-саяси, ақпараттық-экономикалық, тарихи-танымдық газет

ТӘУЕЛСІЗДІК БӘРІНЕН ҚЫМБАТ



Бағдар мен белес

Биыл қастерлі Тәуелсіздігімізге 30 жыл толады. Бұл – қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес. Тарих тұрғысынан алғанда, отыз жыл – көзді ашып жұмғандай қас-қағым сәт. Дегенмен, бұл көптеген халықтар үшін қиындығы мен қуанышы, дағдарысы мен дамуы алмасқан тұтас дәуір деуге болады. Біз де осындай жолдан өтіп келеміз.

Азаттығымыздың айшықты белесіне шыққанда әрбір саналы азаматты «Отыз жылда біз қандай жетістіктерге жеттік?», «Келер ұрпаққа қандай елді аманаттаймыз?», «Мемлекеттігімізді нығайта түсу үшін тағы не істейміз?» деген сауалдар толғандырамыз анық. Осы тұрғыдан алғанда, бұл – арман-мақсаттарымызды тоғыстырып, болашаққа тың серпінмен қадам басу үшін өткенге тағы бір мәрте оралатын, жетістіктеріміз бен кемшіліктерімізді ой елегінен өткізетін маңызды мезет.

Тәуелсіздіктің отыз жылын шартты түрде үш онжылдық белеске бөліп қарастыруға болады. Оның әрқайсысы атқарған миссиясы тұрғысынан ғасырдың жүгін арқалап тұр.

Мен азаттықтың алғашқы онжылдығын жаңа Қазақстанның іргетасын қалау кезеңі деп атар едім. Осы уақытта Елбасының басшылығымен мемлекеттіміздің нышандары белгіленіп, билік жүйесі қалыптасты. Ұлттық валютамыз айналымға енді. Қарулы Күштеріміз құрылды. Ата заңымыз қабылданды. Шетелдермен дипломатиялық қатынас орнатылды. Еліміз беделді халықаралық ұйымдарға мүше болды.

«Қазақстан – 2030» стратегиясын қабылдадық. Шығыстағы көршімізбен шекарамызды бекіттік. Басқа да іргелес мемлекеттермен шекара жөніндегі келіссөздер қарқынды жүргізіле бастады. Ел аумағын ядролық қарудан толық тазарттық. Елордамызды Арқа төсіне көшірдік. Нарықтық экономикаға өтіп, жекеменшік институтын берік орнықтырдық. Отандық бизнестің негізін қаладық. Жастар әлемнің маңдайалды оқу орындарында білім ала бастады. Түрлі дағдарыстардан аман өтуге мүмкіндік берген Ұлттық қорымыз құрылды. Дүние жүзіне тарыдай шашылған қазақ баласын атажұртқа шақырып, Ұлы көшке жол аштық. Соның

нәтижесінде ел еңсесі тіктеліп, ұлттық рухымыз көтерілді.

Екінші онжылдық – Қазақ елінің керегесін кеңейту кезеңі. Осы жылдарда мемлекетіміздің тұғыры нығайып, экономикалық әлеуетіміз арта түсті. Құрылыстағы барлық шекарамызды айқындап, заң жүзінде бекіттік. «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асырып, тарихымызды түгендедік. Солтүстік Аралды құтқарып, қашқан теңізді қайтардық. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездерін, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесінің саммиттерін өткізуге және басқа да бірқатар маңызды халықаралық жобаларға бастамашы болдық. Елімізге шетелден қомақты инвестиция тарттық. Есідің жағасында бой көтерген еңселі елордамыз ұлттық идеямызға айналды. «Бағыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық дәлізі сияқты ірі инфрақұрылымдық жобалар қолға алынды. Тұрғын-үй құрылысы да бұрын-соңды болмаған қарқынмен дамыды.

Үшінші онжылдықта шаңырағымыз биіктеп, өсіп-өркендеп, мерейлі мемлекетке айналдық. Шекара мәселесін біржола шештік. «Қазақстан – 2050» стратегиясын қабылдап, озық дамыған отыз елдің қатарына қосылуды межеледік.

Әр бағыт бойынша «Үдемелі индустриялық-инновациялық даму», «Нұрлы жол», «100 нақты қадам» сияқты ауқымды бағдарламалар жүзеге асырылды. Саяси және экономикалық реформалармен қатар рухани жаңғыруға баса мән бердік.

Осынау толағай табыстардың бәріне Елбасының дара көшбасшылығының хәм халқымыздың даналығы мен парасатының, бірлігі менынтымағының, отандастарымыздың қажырлы еңбегінің арқасында қол жеткіздік. Сондықтан, Елбасы Тәуелсіздігіміздің мәңгі символына айналды десек, ақиқатты айтқан болар едік.

Алдағы төртінші онжылдықтың бізге жүктейтін міндеті – қуатты елдің иесі және кемел халық болу. Бұл жолда саяси-экономикалық реформаларды және сананы жаңғырту үдерісін жалғастырып, заман талабына бейімделген ұлттың жаңа болмысын қалыптастыруымыз қажет.

Біз әділетті қоғам мен тиімді мемлекет құруды көздеп отырмыз. Кез-келген істе әділдік қағидатын басшылыққа алсақ, бұған анық қол жеткіземіз. Мысалы, тұрғындардың тұрмысын жақсарту түспесек, еліміздің жетістіктері мен халықаралық табыстарын мақтан ету артық. Азаматтарымыз экономикалық өсімнің игілігін сезіне алмаса, одан еш қайыр жоқ. Мен әрбір шешімді қабылдар сәтте осы ұстанымды басшылыққа аламын. Біз халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартумен қатар, барлық азаматтардың мүддесін бірдей қорғаймыз. Менің ұғымдағы әділетті мемлекет дегеніміз – осы.

Тарихқа көз жүгіртсек, әр буын белгілі бір сынақты басынан өткереді. Біздің бабаларымыз «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаны», аталарымыз алапат ашаршылықты, қуғын-сүргінді, дүние-жүзілік соғысты көрді.

Тоталитарлық кезеңде ұлттық құндылықтарымыздан, тілімізден, діліміз бен дінімізден айырылып қала жаздадық. Оның бәрі Тәуелсіздіктің арқасында халқымызға қайта оралды. Бірақ, ұлт пен ел ретінде сақталып қалу үшін бүгінгі және болашақ ұрпақ жаңа сын-қатерлерге дайын болуы керек.


Қазіргі пандемия және соның салдарынан туындаған дағдарыс бүкіл әлемнің бұрын болмаған жаңа сынақтармен бетпе-бет келіп отырғанын анық көрсетті. Экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, биологиялық және басқа да қатерлерге қоса, жер жүзіне жағымсыз идеологиялық вирустар да жайылып келеді. Жаһандану кезінде ел жат жұрттың ықпалына бейсаналы түрде ілесіп кеткенін аңғармайды. Басқаша айтқанда, мәжбүрліктен емес, санасының улануы арқылы өз еркімен торға түседі. Сондықтан, жаңа заманның жақсы-жаманын екшеп, артықшылықтарын бойға сіңірумен қатар, тамырымызды берік сақтауымыз қажет. Ұлттық болмысымыздан, төл мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізден ажырап қалмау – барлық өркениеттер мидай араласқан аласапыранда жұтылып кетпеудің бірден бір кепілі.

(Жалғасы 2-3 бетте)



ЖҰМЫССЫЗДЫҚ
ДЕНГЕЙІ
ТӨМЕНДЕЙДІ

→ 3-бет



«ТАЗА АУЫЗ СҮМЕН
ҚАМТАМАСЫЗ
ЕТЕМІЗ»

→ 5-бет



ХАЛЫҚ АРАСЫНДАҒЫ
ҮМІТКЕРЛЕР

→ 12-бет

(Басы 1-бетте)

Таным мен тағылым

Бүгінде Тәуелсіздік құрдастары ойы толысқан отыз жасқа толды. Егемен елде дүниеге келіп, өсіп-жетілген олардың санасы сергек, көзқарастары да, өмір салттары да өзгеше. Тіпті, Тәуелсіздікті ешбір дәлелді қажет етпейтін аксиома деп біледі. Бұл – егемендік ұғымы жастардың санасына берік орныққанын көрсететін қалыпты құбылыс. Бірақ Тәуелсіздік құндылығы жадына біржола шегеленіп, мәңгі сақталуы үшін өскелең ұрпақ оның кәдірін білуі керек.

Бостандық бізге оңайлықпен келген жоқ. Ата-бабаларымыз азаттық жолында арпалысты. Талай зұлмат замандар мен нәубеттерді бастан өткерді. Осының бәрі халықтың есінде сақталып, ұрпақтан ұрпаққа берілуге тиіс.

Кезінде «Мәдени мұра» бағдарламасы ұлт шежіресін түгендеуге жол ашты. Отандық тарих ғылымы тың серпінмен дамып, түрлі бағыттар бойынша көптеген зерттеу жүргізілді. Бұрын бәймәлім болған қаншама тарихи деректер, археологиялық қазыналар табылды. Тарихымыз сан мың жылдан тамыр тартатынын айғақтайтын жаңалықтар ашылды. Елбасының осындай іргелі бастамалары халқымыздың тарихи санасын жаңғыртуға зор үлес қосты. Бағдарлама аясындағы еңбектер том-том болып жарыққа шықты. Дегенмен, сол қажырлы еңбектің жемісін көпшілік көріп отыр ма? Зерттеу жобаларының біразы ғылыми институттар мен орталықтардың аясында ғана қалып қойған жоқ па?

Мұндай іргелі ізденістердің нәтижесі тек осы сала мамандарының игілігіне ғана айналуы орынсыз. Оны қалың жұртшылыққа түсінікті және қолжетімді ету қажет. Өйткені тарихшылардың ғана емес, барша жұрттың, әсіресе, жас ұрпақтың тарихи санасы айқын әрі берік болуға тиіс. Бұл ретте, ауқымды көрмелермен немесе басқа да үлкен жобалармен әуестенбей, балаларға, жастарға арналған қарапайым әрі қабылдауға жеңіл туындыларға баса мән берген жөн. Мысалы, деректі және көркем фильмдерді алайық. Осы бағытта «Алмас қылыш», «Жау жүрек мың бала», «Томирис», «Кейкі батыр», «Тар заман» сияқты тарихи фильмдер түсірілді. Бірақ бұл әлі жеткіліксіз.

Мен құзырлы органдар мен отандық телеарналарға мемлекеттік тапсырыстың белгілі бір бөлігін міндетті түрде тарихи тақырыптарға бағыттауды тапсырамын. Әрине, қаржы мәселесі шешілуі керек. Дегенмен, көп қаражат жұмсамай да жоғары деңгейдегі өнер туындысын түсіруге болатынын кыргыз бауырларымыз «Құрманжан датқа» фильмі арқылы анық көрсетті.

Бүгінде әлемдік киноиндустрияда тарих тақырыбындағы сценарийлерге сұраныс жоғары. Американың да, Еуропаның да айтулы оқиғалары туралы фильмдер өте көп. Қазір Netflix, HBO және басқа да алпауыт кинокомпаниялар Азияға бет бұруда. Осы орайда біздің де шежіремізде ауқымды фильмдерге арқау болатын маңызды белестер мен оқиғалар баршылық. Мысалы, әлемдегі ең қуатты империялардың бірі болған Алтын орда тарихы дайын тұрған жоқ па?! Бұл мәселеге болашақта кино саласының мамандары баса назар аударғаны жөн.

Көркем және деректі тарихи туындыларда мемлекеттік және мемлекетшілдік идеясы әрдайым көрініс табуы қажет. Біз кезінде елге қызмет етудің озық үлгісін көрсеткен Алаш қайраткерлерінен тағылым аламыз. Олар өткен ғасырдың басында тәуелсіздік идеяларын халық арасында дәріптеуге зор еңбек сіңіріп, азаттық жолында құрбан болды.

Тәуелсіздігіміздің мерейтойы аясында осындай біртуар тұлғаларды еске алып, олардың мұрасын жастарымызға және бүкіл әлемге паш етуіміз керек. Сонымен бірге, осы тақырыпты зерттеп жүрген ғалымдар мен жазушылардың да еңбегі қолдауға ие болуы және бағалануы қажет. Алаш арыстарының асыл мұрасын игеру жалғаса беруге тиіс.

Миллиондаған адамды қазаға ұшыратып, тірі қалғанын жан сағалап босып кетуге мәжбүр еткен алапат ашаршылықтың алғашқы кезеңі – 1921-1922 жылдардағы нәубеттен бері 100 жыл өтті. Сол зұлматтың кесірінен қырылып қалмағанда, халқымыздың саны қазіргіден әлденеше есе көп болар еді.

Тарихымыздың осы ақтандақ беттері әлі күнге дейін жан-жақты зерттелмей келеді. Тіпті, ғалымдардың арасында ашаршылық құрбандарының нақты саны туралы ортақ пайым жоқ. Ала-құла деректер және оның себеп-салдары жайлы әртүрлі көзқарастар қоғамды адастырады. Тиісті тарихи құжаттарды, жиналған мәліметтерді аса мұқият зерделеу керек.

Білікті мамандар жүйелі зерттеумен айналысып, соған сәйкес ашаршылық мәселесіне мемлекет тарапынан баға берілгені жөн. Біз бұл күрделі мәселеге ұстамдылықпен және жауапкершілікпен қарауымыз қажет. Жалпы, тарихи зерттеулерді ұраншылдық пен даңғазасыз, таза ғылыми ұстаныммен жүргізген дұрыс.

Биыл әйгілі Желтоқсан оқиғасына 35 жыл толады. 1986 жылы өрімдей ұл-қыздарымыз Кеңес Одағының қаһарынан қаймықпай, ұлт намысы үшін алаңға шықты. Осы күннен соң тура бес жыл өткенде Тәуелсіздігімізді жариялауымыздың символдық мәні зор. Бұл орайда, азаттықтың алғашқы қарлығаштары – Желтоқсан қаһармандарының азаматтық ерлігі лайықты бағасын алып, жоспарлы түрде насихатталуы керек.

Біз жыл соңына дейін жаңа тарихымыздағы бірнеше айтулы оқиғаның мерейлі белесін атап өтеміз. 1991 жылы Семей полигоны жабылды. Оның еліміз ғана емес, барша адамзаттың болашағы үшін айрықша маңызды шешім екенін ескеріп, арнайы іс-шара өткізу қажет деп санаймын. Елбасы қол қойған Жарлықтың арқасында Қазақстан бүкіл дүние жүзіне ядролық қару-жараққа қарсы әлемдік қозғалыстың көшбасшысы болып танылды, алып мемлекеттердің сеніміне ие болды, халықаралық қоғамдастықта жауапкершілігі жоғары ел ретінде мойындалды.

**ТӘУЕЛСІЗДІК
БӘРІНЕН ҚЫМБАТ**

«Өткен күннен алыс жоқ, келер күннен жақын жоқ» дейді халқымыз. Кешегі өткен хандар мен қағандардың дәуірі ғана емес, соңғы отыз жылдағы жасампаздық жолымыз да бүгінде тарихқа айналып, күн сайын алыстап барады. Азаттық таңын өз көзімен көрген алдыңғы буын болмаса, кейінгі жастар өткен ғасырдың 90-жылдарындағы тарихи оқиғалардың тереңіне бойлап, мәнін жете түсіне бермейді. Тәуелсіздікке тағдырдың бере салған сыйы ретінде қарайды. Шын мәніндегі ахуал олай емес.

Елбасы сол кездегі саяси, экономикалық, әлеуметтік, демографиялық және басқа да жағдайларға байланысты жеті рет емес, жетпіс рет өлшеп, бір рет кесуге мәжбүр болды. Біз тығырықтан шығар жолдың саңылауы да көрінбейтін қиын күндерден қалғанын пен қантөгіске ұрынбай аман шығып, ешкімге есемізді жібермей, жаңа сипаттағы Қазақ мемлекетін құрдық. Бүгінгі және болашақ ұрпақ мұны әрдайым біліп отыруы керек. Сол үшін Қазақстанның жаңа тарихын да жүйелі зерттеген жөн.

Шынына келсек, Тәуелсіздік жылдарында бірнеше рет қолға алынғанына қарамастан, ұлттық мүддемізге сай келетін көп томдық жаңа тарихымыз әлі толық жазылған жоқ. Оның тұжырымдамасын бұған дейінгі оқылықтарды ескере отырып қайта қарап, жаңа ғылыми ұстанымдар мен жаңалықтардың негізінде тыңнан жазатын уақыт әлдеқашан келді. Барлық оқылықтар осындай іргелі еңбекке негізделіп әзірленеді. Бұл – ұлт шежіресін дәріптеу тұрғысынан алғанда стратегиялық маңызы бар мәселе. Сондықтан, Қазақстанның академиялық үлгідегі жаңа тарихын жазуды дереу бастау керек. Түптеп келгенде, тарихи сананы жаңғырту мәселесінің түйіні – осы. Бұл іске беделді тарихшыларымызды тарту қажет.

Сонымен қатар, шетел аудиториясына арналған Қазақстанның қысқаша тарихын жазып, әлемнің негізгі тілдеріне аударуды ұсынамын. Бұл – қазақтың сан ғасырлық шынайы тарихын әлемге танытудың бірден-бір жолы.

Әрбір халық өзінің арғы-бергі тарихын өзі жазуға тиіс. Бөтен идеологияның жетегімен жүруге болмайды. Ұлттық мүдде тұрғысынан жазылған шежіре ұрпақтың санасын оятып, ұлттың жадын жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Қоғам мен құндылық

Егемендігіміздің мәңгілік ұштағаны – Алтайдан Атырауға, Алатаудан Арқаға дейін кең көсілген байтақ жеріміз, ананың ақ сүтімен бойымызға дарыған қастерлі тіліміз және барлық қиындықтардан халқымызды сүріндірмей алып келе жатқан береке-бірлігіміз. Біз осы үш құндылықты көздің қарашығындай сақтаймыз.

Бабалардан мұра болған қасиетті жеріміз – ең басты байлығымыз. Қазаққа осынау ұлан-ғайыр аумақты сырттан ешкім сыйға тартқан жоқ. Бүгінгі тарихымыз 1991 жылмен немесе 1936 жылмен өлшенбейді. Халқымыз Қазақ хандығы кезінде де, одан арғы Алтын Орда, Түрік қағанаты, Ғұн, Сақ дәуірінде де осы жерде өмір сүрген, өсіп-өнген. Қысқаша айтқанда, ұлттық тарихымыздың терең тамырлары көне заманның өзегінде жатыр. Жалпы, тарихпен саясаткерлер емес, тарихшылар айналысуы керек.

Шекара сызығын ресми түрде халықаралық шартпен бекітіп, оны әлем жұртының мойындауы соңғы бірнеше ғасырда үрдіске айналды. Оған дейін қазіргідей делимитация, демаркация деген ұғымдар болмаған.

Біз шекара мәселесін шешумен нақты айналысып жатқан кезде кейбір саясаткерлер мен қоғам қайраткерлері «біз бұған асықпайық», «кейін де келісуге болады» деп арқаны кеңге салғысы келгені есімізде. Келіссөздерді табандылықпен жүргізіп, іргемізді дереу қымтап алғанымыз өте дұрыс болғанын уақыттың өзі дәлелдеп берді. Қазір кім не айтса да, біздің екіжақты келісімдермен бекітіліп, халықаралық деңгейде танылған шекарамыз бар. Енді оған ешкім дауласа алмайды.

Аумақтық тұтастығымызға күмән келтіріп, тату көршілік қатынастарға сына қакқысы келетін кейбір шетел азаматтарының арандатушылық іс-әрекеттеріне ресми және қоғамдық деңгейде тойтарыс бере отырып, ағартушылық жұмыстарын ұстамдылықпен жүргізген жөн. Біз ұлттық мүддені аспен де, таспен де қорғауға дайын болуымыз қажеттігін тағы да баса айтқым келеді.

Жоғарыдайтқандықтай, шекарамыз толығымен шегенделді. 2018 жылы Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға қол қойылғаннан кейін құрлықтағы ғана емес, теңіздегі шекарамыз да біржола айқындалып, түпкілікті шешілді.

Қазақстан – біртұтас мемлекет. Еліміз оңтүстік, солтүстік, батыс, шығыс деп бөлінбейді. Бұл – тек бағытты білдіретін шартты атаулар. 2018 жылы Елбасының Жарлығымен Оңтүстік Қазақстан облысына Түркістан атауы берілді. Тарихи әділдікті қалпына келтірген орынды шешімді халық бірауыздан қолдап, өте жылы қабылдады. Өйткені, мұндағы шежірелі шаһар ғана емес, тұтас өңір көне замандардан бері Түркістан деп аталған.

Осы игі үрдісті еліміз бойынша жалғастыруға болады. Біз мұндай қадамдарды байыппен жасаймыз.

Жерге байланысты бәріміз айқын білетін және бұлжымайтын ақиқат – қазақтың жері ешбір шетелдіктің меншігіне берілмейді, ешқашан сатылмайды. Осыны әр азаматымыз санасына берік сіңіруі қажет. Келесі жылы Жер кодексінің жекелеген нормаларына қатысты енгізілген мораторийдің мерзімі аяқталады. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді айналымға енгізіп, халықтың игілігіне жарату – өте маңызды мәселе. Сондықтан, биыл Жер мәселесі жөніндегі комиссияны құрып, соның аясында бір байламға келген жөн.

Қазақ үшін тоқымдай жердің өзі қымбат, бір уыс топырақтың өзі алтын. Бірақ біз соны бағалай білеміз бе?! Жер кәдірін білу жалаң ұранмен өлшенбейді. Өкінішке қарай, асқар тауларымыз бен айдын көлдерімізді, ұлан-ғайыр даламызды ластап жатқан да өз азаматтарымыз. Көкжайлауға от жағып, қокыс шашып кеткен де, Көбейтүздың баптағын шелектеп тасып, көлдің ортасында көлікпен ойқастаған да солар. Бір тұтам мүйізі үшін көзін мөлдіретіп киіктерді қырған да өзгелер емес. Қасиетті жеріміздің киесінен қорықпай, жат жұрттың да қолы бармас әрекеттерді жасап отырып, қалайша осы мекеннің иесіміз деп кеуде соға аламыз? Бұл – ащы да болса, шындық. Біз жеріміздің шын жанашыр иесі екенімізді нақты іспен көрсетуге тиіспіз. Ол көшеге қокыс тастамау, көрінген жерге от жақпау сияқты қарапайым нәрселерден бастап, жалпыхалықтық сипаттағы ауқымды экологиялық шаралар арқылы көрініс табуы қажет.

Мұның бәрі тәлім-тәрбиеден басталады. Ата-анасымен бірге ауласына ағаш екпеген, үлкендердің жан-жануарға мейірімін көрмеген, кішкентайынан табиғатты аялауға дағдыланбаған бала өскенде туған жеріне жаны ашылмайды. Мәселе экологияда емес – отаншылдықта, заңда емес – санада.

Елі мен жерін сую үшін жас ұрпақ байтақ Қазақстанның ғажайып жауһарларын білуге тиіс. Батыста Бозжыра мен Шерқала, күнгейде Ақсу-Жабағылы мен Сайрам-Өгем, Жетісуда Хан Тәңірі мен Шарын, Көлсай мен Қайыңды, Қапал-Арасан, Алтынемел мен Бұрхан бұлақ, шығыста Мұзтау мен Шыңғыстау, Марқакөл мен Рахман кайнары, Арқада Бұрабай мен Баянауыл, Ұлытау мен Қарқаралы, теріскейде Имантау мен Айыртау және басқа да көрікті жерлеріміз жетіп артылады. Жер жәннатын алыстан іздеудің қажеті жоқ. Бәрі өзімізде бар. Жастарға осындай керемет табиғатымызды танытып, оны кәдірлеуге баулуымыз керек.

Уақыт ұттырмай қолға алып, дәйекті түрде іске асыратын тағы бір шаруа бар. Халықтың қалалық жерлерге жаппай көшуі салдарынан көптеген ауылдарда, әсіресе, шекара маңындағы елді-мекендерде тұрғындар саны күрт азайды. Біз еңбек күші көп оңтүстік өңір тұрғындарының солтүстік және шығыс аймақтарға қоныстануына қолайлы жағдай жасап, осы жұмысты назарда ұстаймыз. Бұл – өте өзекті әрі еліміздің қауіпсіздігіне қатысты мәселе. Бұған қоса соңғы жылдарда түрлі себептерге байланысты бәсеңдеп қалған қандастар көшін барынша қолдап, оларды жоғарыда айтылған өңірлерге орналастыруды жандандырамыз.

Бұл екі мәселенің де стратегиялық маңызы бар. Оған кезекті ғылым ретінде қарауға болмайды. Жергілікті билік мұндай жұмыстарды жоғарыға көпірген ақпар беру үшін емес, мемлекеттік мүдде және ағайынға шынайы жанашырлық тұрғысынан жасауға тиіс.

Еліміздің басты нышандарының бірі – мемлекеттік тіл. Қазақстанның мемлекеттік тілі қазақ тілі екені Ата заңымызда 90-жылдардағы күрделі кезеңнің өзінде нақты жазылған. Біз тәуелсіздік дәуірінде ана тілімізді дамыту үшін барлық жағдайды жасадық. Осы аралықта қазақ тілінде білім беретін мектептер мен оқу орындарының, балабақшалардың саны еселеніп көбейді.

Бүгінде мемлекеттік тілді білетін қазақтың да, өзге этнос өкілдерінің де үлесі едәуір артты. Қазақ тілін, шын мәнінде, бүкіл халқымызды біріктіруші факторға айналдырудың барлық құқықтық тәсілдері және кепілдіктері қалыптасты. Мәселе – ниетте. Ниеттің дұрыс болуы қазақ тілін менгергісі келетін адамдарға да, осы мақсатқа жетуге жағдай жасайтын Үкіметке де байланысты.

Тіл игеру үшін балалар әдебиетінің атқаратын рөлі зор. Сондықтан, қазақ қаламгерлерінің үздік шығармаларына қоса, балаларға арналған шетел жазушыларының да таңдаулы туындыларын аударып, көптеп басып шығаруды және таратуды қолға алған жөн. Оған сұраныс жоғары.

Мемлекеттік тілді білу – Қазақстанның әрбір азаматының парызы. Міндеті деп те айтуға болады. Осы орайда мен барша қазақстандықтарға, оның ішінде қазақ тілін әлі жете менгермеген отандастарыма үндеу тастағым келеді. Жастар ағылшын тілін немесе басқа да тілдерді аз ғана уақытта менгере алатынын көріп отырмыз. Тұтас буын алмасқан осы жылдарда қазақ тілін үйренгісі келген адам оны әлдеқашан біліп шығар еді. Халқымызда «Ештен кеш жақсы» деген сөз бар. Ең бастысы, ынта болуы керек.

Ана тілімізді кеңінен қолдану – басқа тілдерге, әсіресе орыс тіліне шектеу қойылады деген сөз емес. Барша этнос өкілдерінің ана тілін, салт-дәстүрін дамытуға мүмкіндік жасала береді. Жастарымыз бірнеше тіл білу өздерінің көкжиегін кеңейтіп, көкірек көзін оятатынын жете түсінгені абзал.

Бізді қай заманда да қиындықтардан аман алып келе жатқан басты күдірет – ел бірлігі. Ынтымағы жарасқан жұрттың қашанда ұпайы түгел. Түрлі жағдайларға байланысты қазақ жеріне әр кезеңде әртүрлі ұлт өкілдері көптеп қоныстанды. Қазақ халқы ешкімді жат көрмей, бауырына басты. Бүгінде олардың туған жері де, Отаны да – Қазақстан. Біз көпэтносттық сипатымызды артықшылығымызға айналдыра алғанымыз анық. Көптеген шетелдік сарапшылардың елімізге қатысты «Еуразиядағы шырып тисе лап еткелі тұрған қурай», «failed state» сияқты болжамдарын жоққа шығардық. Бұл жолда тыныштық пен тұрақтылықтың бастауы болған Қазақстан

халқы ассамблеясы тиімді жұмыс атқарды. Ешкімді ұлттыңа қарап, бөле-жарған жоқпыз. Бәрінің өсіп-өнуіне толық жағдай жасадық, бірдей мүмкіндік бердік. Біздің ұлтаралық келісім саясатымыз әлемді мойындатты. Халқымыздың осындай ырыс-ынтмаққа негізделген жарасымын бағалай білуіміз керек. Бұл – кемел келешекке бастайтын бірден-бір дұрыс жол. Сондықтан, ұлтаралық татулық пен келісімді сақтау – мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның және әрбір азаматтың міндеті. Түптеп келгенде, еліміздегі тұрақтылық пен береке-бірлік үшін барлығымыз бірдей жауаптымыз.

Осы орайда, халқымызды біріктіретін ортақ құндылықтарды барынша дәріптеп, ой-санаға берік орнықтыруымыз керек. Мысалы, Наурыз мейрамын атап өту тұжырымдамасын жасап, көктем мерекесінің мазмұнын байыта түскен жөн. Бүкіл қоғамды ұйыстыратын құндылықтар неғұрлым көп болса, бірлігіміз де соғұрлым бекем болады.

Ұлағат пен ұстаным

Соңғы кезде қазақстандықтардың ел өміріне белсенді араласуға, шешім қабылдау үдерісіне қатысуға ынтасы артып келеді. Менің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамам және Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі – осы сұранысқа тікелей жауап. Оны Ордабасыдағы, Күлтөбедегі, Ұлытаудағы ұлы жиындардың заманауи үлгісі деуге болады. Біз қазақтың қанына сіңген қасиет – келелі істі ақылдасып бірге шешу дәстүрін жалғастыра береміз.

Бұл бастамалар азаматтық қоғамды дамытуға негіз болады. Қазіргі шаралар аяқ астынан мәжбүрліктен қолға алынған жоқ. Ол – елімізді демократияландыруға, саяси жүйені жаңғыртуға бағытталған саясаттың жемісі.

Саяси реформа бір күннің немесе бір жылдың шаруасы емес. Мұны ел іргесін шайқалтпай, береке-бірлігін бұзбай, байыппен және біртіндеп іске асыруымыз керек. Бірақ, реформаны соза беруге де болмайды. Билік халықтың алдындағы өз жауапкершілігін сезінгені жөн. Сол себепті біз ауыл және кент әкімдерін сайлауға көшеміз. Осы арқылы ең төменгі деңгейден бастап жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін нығайтамыз. Бұл қадам өзекті мәселелерді тұрғындар мен жергілікті биліктің бірлесіп шешуі үшін қажет. Содан кейін аудан әкімдерін сайлаймыз. Жаңа жүйе өзінің тиімділігін көрсетсе, бұдан да жоғары деңгейдегі әкімдерді сайлайтын боламыз.

Бірақ, саяси жаңғыру барысында асығыстыққа бой алдыруға және жалаң ұранға еріп, мемлекеттік жүйені дағдарысқа ұшыратуға болмайды. Бір сәтте барлығын түбірімен өзгерту неге әкеп соқтыратынын кейбір елдердің бүгінгі ахуалынан көріп отырмыз. Елімізде, ең алдымен, адамның құқығын толығымен сақтауға негізделген заң мен тәртіп болуы керек. Анархия мен жүгенсіздік жақсылыққа апармайтыны анық.

Қазақстанның саяси жүйесі заман талабына сай дамып келеді. Мәжіліс депутаттарының биылғы сайлауы – көппартиялы Парламентті орнықтыру жолындағы маңызды қадам. Бізде саяси көзқарастары әртүрлі партиялар бар. Олардың ұстанымдары консервативті, либералды, ұлтшыл, социалист және тағы басқа болуы мүмкін. Бұл – табиғи үдеріс. Саяси плюрализм мемлекетті эволюциялық жолмен дамытуға және нығайтуға мүмкіндік береді. Саяси күштер осындай әралану болса да, баршасын біріктіретін және бәріне ортақ құндылық бар. Ол – кастерлі Тәуелсіздік.

Біздің мақсатымыз – келер ұрпаққа Қазақстанды тұғыры мығым, экономикасы қуатты, рухы асқақ мемлекет ретінде табыстау және елдік істерді шашу шығармай лайықты жалғастыратын жасампаз ұрпақ тәрбиелеу.

XXI ғасыр – білім мен біліктің дәуірі. Әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, жаңа кәсіптерді игеріп, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы ғана бәсекелік қабілетін арттыра алады. Білім мен технология, жоғары еңбек өнімділігі ел дамуының басты қозғаушы күші болуға тиіс. Бұл туралы ұлы Абай: «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық» деген.

Тәуелсіздік жылдарында талантпен таңдай қақтырған жас өрендердің тұтас легі өсіп-жетілді. Бүкіл әлемді аузына қаратқан ғажайып дарын иелері де бар. Олар – Қазақстанның мәдени келбеті, елімізді халықаралық аренада танытып, Тәуелсіздік құндылықтарын жер жүзіне паш ететін рухани елшілерміз, біздің айрықша күшіміз («soft power»). Осындай азаматтарға қамқор болу – мемлекеттің міндеті.

Жаһандану заманында айдай әлем алақандағыдай болып қалды. Талапты ұл-

қыздарымыздың жер жүзіндегі кез-келген елге барып, білім алуы қалыпты үрдіске айналды. Сонда қалып, қызмет істеп жүргендер де аз емес. Осы орайда, ел ішінде жастар шетелге кетіп жатыр деген алаңдаушылық бар. Мен жастарымыз білімін жетілдіріп, бәрібір елге оралады немесе шетелде жүріп-ақ Қазақстанның мүддесін қорғайды деп сенемін.

Халқымыз «Атың барда жер таны, желіп жүріп» дейді. Кезінде Елбасы бозбала шағында Украинаға аттанып, еңбек, білім және әкімшілік дағдыларына ие болды. Мен де білім қуып Мәскеуге сапар шектім, өзге мемлекеттерде жұмыс істедім. Біздің талай замандастарымыз бүгінгі жастар сияқты алыс шетелдерге бара алмаса да, Кеңес Одағының түрлі қалаларында білім алды. Бірақ, басым көпшілігі тамырынан ажырап, ол жақта біржола қалып қойған жоқ. Елге келіп, еңбек етті. Сондықтан жырақта жүрген жастарымыздан айырылып қаламыз деп уайымдаудың жөні жоқ. Біздің міндетіміз – олардың бойына мемлекетшілдік рухын сіңіріп, қай жерде жүрсе де туған елдің игілігіне қызмет етуге жұмылдыру. Мысалы, әлемнің ең дамыған елдерінде өз кәсіптерін бастаған және алпауыт компанияларда жұмыс істеп жүрген азаматтарымыздың осындағы замандастарымен байланысын нығайтып, тәлімгерлік етуіне жағдай жасауымыз керек.

Дарынды жастардың бәрі шетелде жүрген жоқ. Ел ішінде де білікті әрі білімді өрендер жетіп артылады. Біз оларды басшылардың жаңа буынын дайындауға барынша тартып жатырмыз. Менің бастамамен құрылған Президенттік кадр резерві – осының айқын дәлелі. Жобаның келесі кезеңінде қоғам мүддесіне адал көшбасшыларды іріктеуге ерекше назар аударамыз. Билік органдарындағы азаматтар, ең алдымен, ұлттық мүддеге берік болуға тиіс.

«Жас келсе – іске» дейді халқымыз. Жастар – қашанда тың идеялардың қайнар көзі, оң өзгерістердің қозғаушы күші. Сондықтан өскелең ұрпақтың осындай әлеуетін дұрыс арнаға бағыттап, тиімді пайдалануымыз керек. Осы орайда Президент жанындағы Жастар кеңесінің қызметін жандандырған жөн. Оны білікті әрі білімді жастарды жұмылдыратын жүйелі жұмыс алаңына айналдырамыз. Бұдан бөлек, мен азаттық жылдарында дүниеге келген, әлі танылып үлгермеген талантты жастарды қолдау мақсатында «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты грант тағайындауды ұсынамын.

Біз не істесек те, бәрін келер ұрпақ үшін жасаймыз. Мемлекеттік саясаттың болашақ алдындағы жауапкершілігін терең сезінеміз. Бұл ұстанымнан ешқашан айнымаймыз. Ең ғажайып ерліктер Отанға шексіз сүйіспеншіліктен туындайтыны сөзсіз. Шын отансүйгіштік дегеніміз – жалаң ұран тастау емес, еліңе, халқыңа қызмет ету.

Адам баласы дүниеге патриот болып келмейді. Ол білім мен тәрбие алып, әлеуметтік ортамен араласып, азаматтық болмысын қалыптастыру кезінде патриотқа айналады. Өзінің жеке мақсат-мүдделері қоғам игілігімен үндесіп, елінің дамуына елеулі үлес қосып жатқанын жан-жүрегімен сезінген адам нағыз бақытқа кенеледі.

Халқымыздың біртуар перзенті Әлихан Бөкейханов «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деген. Біз шынайы патриоттық сезіммен рухтанып, қасиетті Тәуелсіздігімізді одан әрі нығайта түсу үшін бірлесе жұмыс істеуіміз керек.

Барша отандастарыма, әсіресе, жастарға айтарым: кең байтақ Қазақстанды асқақ армандарың мен батыл жоспарларыңды емін-еркін жүзеге асыра алатын, табысына марқайып, әрдайым тілеуіңді тілейтін қасиетті Отаның ретінде бағалаңдар! Мен жаңа Қазақстан патриотизмінің жасампаздық күдіретіне сенемін.

Тәуелсіз ел болу оны жариялаумен немесе мемлекеттің іргетасын қалаумен шектелмейді. Тәуелсіздік үшін нағыз күрес күнделікті еңбекпен, үздіксіз әрі дәйекті елдік саясатпен мәңгі жалғасады. Біз қуатты тәуелсіз мемлекетімізбен ғана ұлт ретінде жер бетінде сақталамыз. Осы айнымас ақиқатты берік ұстануымыз қажет. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат!» деген бір ауыз сөз мәңгі ұранымыз болуға тиіс.

Ұлтымыздың ұлы ұстыны – кастерлі Тәуелсіздігіміз барша жұртымыздың патриоттық рухымен асқақтай берсін!

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының
Президенті.
«Егемен Қазақстан»

ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ДЕНГЕЙІ ТӨМЕНДЕЙДІ

Желтоқсанның 25-і күні Панфилов аудандық жұмыспен қамту орталығының басшысы Аширжанов Қуандық мекеменің нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2019-2021 жылдарға арналған бағдарламасын жүзеге асырудағы атқарған жұмысы туралы ағымдағы жыл қорытындысын жариялады. Атқарылған жұмыс қорытындысы әлеуметтік желі арқылы тікелей эфирде баяндалды. Өз сөзінде орталық басшысы ағымдағы жыл бойынша жұмыспен қамту орталығына барлығы 4845 адам жүгініп, 6103 адам жұмыспен қамтылған. Өңірдегі жұмыспен қамту деңгейі 125,9%. Халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру мақсатында «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруда өткен жылы «Еңбек биржасы» интернет ресурсына пайдалану бойынша 4950 адамға үйретіліп, жұмыспен қамту

жоғарыда аталған міндеттер барысында мынадай шаралар іске асырылатын болады.

- Жыл сайын «Еңбек» бағдарламасы аясында 700 мың адам;

- Туризм саласында 170 мың жұмыс орны;

- Ауыл шаруашылығында 500 мыңға жуық адам;

- IT саласында жаңа компаниялар ашу есебінен 100 мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылып, қашықтан жұмыс істеу, икемді жұмыс кестесі, ішінара жұмыспен қамту секілді жалдаудың жаңа формаларын енгізілетін болады. Сонымен қатар, «Бастау бизнес» жобасы аясында 5 жыл ішінде 150 мың адам оқытылады. 130 мың жұмыссыз азамат 5 жыл ішінде еңбек нарығында сұранысқа ие дағдыларға оқытылады. Жұмыс күші артық өңірлерден жұмыс күші тапшы өңірлерге көшетін отбасыларға қолдау көрсету сынды жұмыспен қамту



орталығының өзін-өзі қызмет көрсету бұрышында 5610 адам қолданған. Сондай-ақ 2020 жылдың 11 айында жұмыспен қамту орталығына 1690 адам жұмыс іздеуші ретінде тіркелінсе, жұмыссыз ретінде тіркелгендер саны – 1906 адамды құрағандығын атап өтті.

Тікелей эфир барысында аудандық жұмыспен қамту орталығының басшысы мемлекет пен қоғамның сенім, өзара жауапкершілік, әріптестік, ашықтық және есептік қағидаттары негізіндегі ынтымақтастығы – елдің тұрақты да үдемелі дамуының басты кепілі екендігін атап өтті. Сондай-ақ партия бағдарламасындағы «Тұрақты жұмыс орындары» тарауындағы «Әрбір азаматтың өзінің еңбек ету құқығын іске асыруға және лайықты төлем алуға мүмкіндігі болуы тиіс. Партияның алдағы 5 жылдағы негізгі міндеті – халықтың жұмыспен қамтылуы мен табысын сақтау және ұлғайту» деген аса маңызды бағыттарын түсіндіріп берді. Атап айтқанда,

бағытындағы партияның алдағы уақытқа қойған негізгі міндеттерін толыққанды баяндап берді.

2025 жылға қарай жұмыссыздық деңгейі 4,7%-тен төмен болады деген Панфилов аудандық жұмыспен қамту орталығының басшысы Аширжанов Қуандық өз аудиториясындағы желі қолданушыларына партия бағдарламасын кеңінен насихаттап өтті.

Панфилов ауданы бойынша «Nur Otan» партиясы «Бизнестің жол картасы – 2025» мемлекеттік бағдарламалары шеңберінде кемінде 5 жоба бойынша кредиттер бойынша жыл сайынғы субсидиялау және кепілдендіру, 300 кәсіпкерге сервистік қызмет көрсету және жыл сайын «Еңбек» бағдарламасы бойынша 200 қатысушыны шағын несиелеуге, жаңа бизнес идеяларды іске асыруға кемінде 50 грант бөлу сынды кешенді жұмыс жоспарын атап өтіп, қатысушылар сұрағына жан-жақты жауап берді.



Желтоқсанның 21-і күні «Nur Otan» партиясы облыстық мәслихат депутаттығына үміткер Мақсат Ыбраймолдаев партияның желілік кестесіне сәйкес әлеуметтік желі арқылы «Үміткерге сұрақ қой» іс-шарасын өткізді. Онлайн жүздесу барысында үміткер партия бағдарламаларының негізгі тезистерімен таныстырып, «Nur Otan» партиясы – еліміздің жетекші саяси институты екендігін атап өтті. Сондай-ақ мемлекетімізде орын алған саяси реформалардың да басым бөлігі партияның бастамасымен жүзеге асып отырғандығын жеткізді.

Өз сөзінде Мақсат Ыбраймолдаев өткен жыл жалпы әлем елдері үшін сынаққа толы жыл болғандығын айтты. «Коронавирустық Пандемия біздің өмірімізді, басымдықтарды өзгертті, көптеген мәселелерге басқаша қарауға мәжбүр етті және біздің мемлекетіміздің басты құндылығы – адамның өмірі мен денсаулығы екенін тағы бір мәрте дәлелдеді», – деген үміткер Панфилов ауданы тұрғындарына бағдарламадан үзінді келтірді. «Өзге елдер секілді карантин енгізілген тұста еліміз қиын кезеңге тап болды. Десек те ел болып бұл сын-қатерлерді де артта қалдырдық. Осы тұста «Nur Otan» партиясы экономиканы дамытудың тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін, жұмыспен қамту және жаңа жұмыс орындарын құру, ауданды өмір сүру үшін қауіпсіз әрі жайлы ету үшін бар күш-жігерін салатын болады» деді.

«Nur Otan» – еліміздегі саяси және экономикалық реформалардың бастамашысы



Бізді ортақ мақсат – әр тұрғынның өмір сүру деңгейін арттыру мақсаты біріктіреді. Бүгінде барлық азаматтар партиядан нақты мәселелерді шешуді және бастамаларды ілгерілетуді күтуде. Партия барлығына ашық екендігін қатысушыларға жіті түсіндіріп, түсінікті тілде баяндап берді. Сондай-ақ қатысушылар тарапынан партияның бүгінгі күнге дейінгі жеткен жетістіктері туралы сұрағына: «Партия өз қызметін бастаған жылдар ішінде Нұрсұлтан Назарбаевтың жетекшілігімен Қазақстан халқын топтастырудың негізгі тетігіне айналды. «Nur Otan» – еліміздегі саяси және экономикалық реформалардың басты бастамашысы және іске асырушысы. Қазақстанда қолдаушыларының саны көп саяси партия ретінде, «Nur Otan»

дамудың стратегиялық бағытын анықтау кезінде әрдайым халықтың пікіріне сүйенді, оның мүддесі мен қажеттілігін білдіріп отырды. Сондықтан да «Nur Otan» партиясы мемлекеттік билік пен қоғамды, Президент пен оның халқының екіжақты байланысы мен өзара іс-қимылының тиімді өзегіне айналды. Еліміз қазіргі заманғы барлық табыстары мен жетістіктері елдің басты партиясы мен оның көшбасшысы – Нұрсұлтан Назарбаевтың қызметімен тікелей байланысты екенін зор сеніммен айта беруге болады», – деп, тұшымды жауап берді. Сонымен қатар, Елбасымыздың «Nur Otan» партиясы «Jas Otan» жастар қанатының V съезіне қатысқанда – «Мен бүгінгі таңда күллі қазақстандықтар мақтан тұтатын табыстарымызға жету қаншалықты қиын болғанын жақсы білемін. Өскелең ұрпақ қолда барды қадірлеуге, Отанымыздың әрі қарай өркендеуін ойластыруға, өз елін мақтаныш етуге тиіс. Жастар мүддесі әрдайым менің басты назарымда», – деген сөзін тілге тиек етіп, партия жастар болашағына зор сеніммен қарап, мол үміт артып отырғандығын және осы тарапта мол мүмкіндіктер қарастырылғанын айтты. «Біз жастар Тұңғыш Президентіміздің сара жолын бағдарлап, бүгінгі Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың барлық бастамаларына қолдау таныта отырып, елімізді өркендету жолындағы жұмыстарымызды кешенді түрде жалғастыруымыз керек» деп барша қатысушыларды партияны қолдап, дауыс беруге шақырды.

Онлайн жүздесу барысында қойылған көптеген сұрақтарға тұшымды жауап берген Мақсат Талғатұлы жастар қашан да қоғамның қозғаушы күші, белсенді бөлігі екенін баса айтты.

«Ұлт зиялысы, қоғам және мемлекет қайраткері Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан «Тірі болсам – еліме қызмет қылмай қоймаймын» демекші елің үшін, жерің үшін қасқайып тұрып аянбай еңбек ету маған үлкен мәртебе. Өлкеміздің қай жерінде де тұрғындар өздерін толғандырып жүрген ірілі-ұсақты барлық мәселелерін алдымен өздері сайлаған депутаттарға айтып жатады. Өйткені, депутат – халқының сенімін иемденген тұлға, аманат жүгін арқалаған азамат.

Бүгінгі күрделі кезеңде осындай зор сенім мен жауапкершіліктің үдесінен табылу кім-кімге де сын болатынын жақсы білемін.

Біздің сүйікті қаламыз әрбір адамға бақуатты өмір сүру үшін өз еңбегіне қарай табыс табуына мүмкіндік береді, бұл – өлкеміздің біз ұстануға тиіс қағидасы. Өйткені жұмыспен қамту мен қоғамның тұрақты дамуы бізді ортақ жеңіске жеткізетін басты құндылық. Негізгі басты мақсатым халықтың ұсыныстарына қолдау көрсету және жүзеге асуына атсалысу. Сондықтан да мәслихат депутаттығына үміткер ретінде мен халықтың мүддесі мен игілігі үшін бар күш-жігерімді аямауға дайын екенімді айтқым келеді. Сондай-ақ ауданымызда халыққа қызмет көрсететін әлеуметтік нысандардың бой көтеруіне, банк бөлімшелерінің ашылуына, бұқаралық спорттың дамуына арналған заманауи технологиямен жабдықталған мәдени демалыс саябағының ашылуына, кәсібін жаңа бастаған кәсіпкерлерге жеңілдік беруге жағдай жасауға, қаланың экологиясын жақсартуға, коммуналдық қызметтер мен азық-түліктің, дәрі-дәрмектердің бағасының негізсіз көтерілуіне жол бермеуге, оқушылар мен жастарды қолжетімді спорттық секциялармен қамтамасыз етуге, салауатты өмір салтын насихаттауға, нашакорлық пен темекі шегуге қарсы күрес жүргізуге, қаламыздың инфрақұрылымын жақсартуға, жолдарды жөндеу мен аулаларды абаттандыруға, балаларға арналған алаңқайларды жабдықтауға, әлемдік қаржылық дағдарыс кезінде жұмыссыздыққа жол бермеуге, ауданымызда жұмыс орындарының ашылуына бар күш-қайратымды жұмсаймын. Өзімнің жастығымға қарамастан бар тәжірибем сүйене отырып өз алдыма қойған осы мақсат-міндеттерді жауапкершілікпен іске асырамын. Сіздердің «Nur Otan» партиясына деген сенімдеріңіз менің қоғам игілігі жолындағы жұмысыма серпін береді», – деп аяқтады М.Ыбраймолдаев өз сөзін онлайн кездесу соңында.

Кездесуге жалпы саны 100-ге жуық адам қатысып, түрлі сұрақтар қойды.



«ТАЗА АУЫЗ СУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕМІЗ»

«Таза ауыз сумен қамтамасыз етеміз». Бұл «Nur Otan» партиясының «Дамудың жеті басымдығы» атты Панфилов ауданына қарасты айқындалған бағдарламасының ішінде көтерілген ең негізгі мәселелердің бірі. Бағдарламадағы «қолайлы өңір» тарауында: «Nur Otan» партиясы азаматтарымыздың өмір сүру сапасын жан-жақты арттыруды, әркімнің таза суға, ауаға және сапалы жолдарға қол жеткізуін қолдайды. «Nur Otan» партиясы 2025 жылға қарай облыс халқын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесін толығымен шешуді жоспарлап отыр. Ауданда ауыз сумен 97,6 қамтылған. Алдағы уақытта 100% қамту жоспарланған. Осы орайда 24 желтоқсан күні Панфилов аудандық партиялық бақылау комиссия төрағасының орынбасары Қанат Нұркешұлы және аудандық мәслихат депутаттығына үміткер Тулақбаев Руслан мен Исабекова Райгул аудандағы «Жаркент су құбыры» мекемесінің қызметкерлерімен бірге аудандағы Алмалы ауылының тұрғындарын таза ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесіне орай ауыл тұрғындарымен жүздесіп қайтты.

Тұрғындарға Панфилов аудандық партиялық бақылау комиссия төрағасының орынбасары мен аудандық мәслихат депутаттығына үміткерлер жоғарыда айтылған бағдарламадағы нақты жұмыс жоспарын таныстырып, олардың сұрақтарына жауап беріп, ауыл тұрғындарының ұсыныс-пікірлері партия назарынан тыс қалмайтындығын жеткізді.

Кездесу барысында Панфилов аудандық партиялық бақылау комиссия төрағасының орынбасары Қ.Нұркешұлы: «Бүгінде азаматтарымыздың 40%-тен астамы ауылда тұрады. Олардың еңбегінің арқасында Қазақстан қазіргі таңда өзін азық-түліктің негізгі түрлерімен қамтамасыз етуде және ауыл шаруашылығы өнімдерінің ірі экспорттаушысы болып отыр. Біз ауылдың әлеуетін барынша жүзеге асыру үшін ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартуға жағдай жасаймыз» деп партия бағдарламасын тілге



тиек етіп, осы тұрғыда тұрғындарды таза ауыз сумен қамтамасыз етудің әлеуметтік маңызы зор әрі адам денсаулығы ауыз судың сапасына тікелей тәуелді екендігін жеткізіп, осы бағытта партия кешенді жұмыс жоспарын әзірлегендігін атап өтті.

Мұнан соң «Партия адамдардың өмір сүру сапасын арттыру мақсатында жеті басымдықты нақтылады. Экономика басымдығында инвесторларды тарту, шағын және орта бизнесті дамыту жоспары бар. Жыл сайын 21 мың адам жұмыспен қамтылады. Жол бойында жаңа кемпингтер салынып, туризм саласын дамыту мақсатында қонақүйлер бой көтерді. Пәтер кезегінде тұрған адамдардың баспаналы болу мүмкіндігін арттыру үшін бес жылда 3,9 миллион шаршы метр тұрғын үй салынады. Аудан, ауыл арасындағы байланысты нығайтып, транзиттік әлеуетті арттыру мақсатында жолдар жөнделуден өтеді. Мұның барлығы бос сөз емес, нақты жоспар, атқарылатын іс. Партия халықтың тұрмыс-тіршілігін одан әрі көтеру үшін алға нақты міндет қойды. Дауыс беріп, қолдауға шақырамын. Халық демеп, сенім артса, алынбайтын қамал жоқ. Біз қиындықты бірге еңсеріп, жеңіске жете аламыз»,



– деді аудандық мәслихат депутаттығына үміткер Руслан Тулақбаев.

Соңғы сөз кезегін аудандық мәслихат депутаттығына үміткер Райгул Исабекова алып, «3500-ден астам ауыл жаңғыртылады, әрбір тірек ауылға дейін 27 мың шақырым жергілікті жолдар жөнделіп, олардың жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы үлесі 95%-ке жеткізілетін болады. Жыл сайын ауылдарда инженерлік желілермен қамтамасыз етілген жеке тұрғын үй салу үшін 22 мың жер телімі бөлінеді. Қала және ауыл халқының 100%-і сумен жабықтау қызметтеріне қол жеткізеді. 2025 жылға қарай халқы 900 мыңнан астам адамды құрайтын 246 ауыл газбен қамтылады және халықтың 99%-і жоғары жылдамдықты интернетке қол жеткізеді», – деп партия бағдарламасындағы «ауқатты ауылдар» тарауына қысқаша тоқталып өтті.

Сонымен қатар үміткерлер әлеуметтік әл-ауқатты жақсарту – бақытты болашақтың іргетасы. Демек, газбен, таза сумен, тегіс жолмен қамтамасыз етілген жайлы өмір сүру ортасын қалыптастырудың маңызы зор. Тұлғаның тұлға болып қалыптасуы үшін де оған барлық жағдай жасалуы керек екендігін атап өтті. Бұл әйгілі Маслоу пирамидасының да негізін құрайтын басты құрам. «Nur Otan» партиясы да азаматтардың әлеуметтік әл-ауқаты – ауданның тұрақты әлеуметтік экономикалық дамуының көрсеткіші екенін үнемі назарда ұстайды. Сондықтан, жан-жақты саланы дамыту үшін барлық күш-жігерін салып отыр. Біз білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік салада сапалы қызметтерге қол жеткізе отырып, аудан тұрғындарының өмір сүру жағдайын арттыруға күш саламыз деп партия алдына үлкен мақсат қойып отырғандығын атап өтті.

Кездесу соңында «Жаркент су құбыры» мекемесінің қызметкерлерімен жұмыстың жүргізілу барысымен танысты.



КӨШБАСШЫ ПАРТИЯ ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРУДЫ КӨЗДЕЙДІ



«Біз мемлекеттің экономикадағы үлесін 14%-ке дейін қысқартып, бизнес үшін кедергілерді жою және бәсекелестікті дамыту арқылы шағын және орта бизнестің қызмет алаңын кеңейтеміз». Бұл «Nur Otan» партиясы бағдарламасындағы «Экономика мен өңірлердің тұрақты дамуы» тарауында айтылған негізгі басымдықтың бірі.

Осы орайда желтоқсанның 29-ы күні Панфилов ауданы «Nur Otan» партиясынан облыстық мәслихат депутаттығына үміткер Кузиев Закиржан «Универсал» бастауыш партия ұйымының мүшелерімен кездесіп, сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Кездесу барысында партия үміткері Кузиев Закиржан мемлекет орта таптың тірегі, экономикалық дамудың қозғаушы күші, инновацияның, жұмыспен қамтудың және қоғамның әлеуметтік тұрақтылығының негізі болатын бизнеске жан-жақты қолдау көрсететіндігін жеткізді. «Nur Otan» партиясының бағдары тұрақты экономикалық даму және халықтың өмір сүру деңгейін арттыру болып табылатындығын да атап өтті. Сондай-ақ 2021 жылы – азық-түлік өнімдерін өндіретін зауыт (қуаттылығы жылына 528 тонна дайын өнім, жеміс-көкөніс пюресі), 2022 жылы – тауарлы бетон өндіру зауыты (қуаттылығы жылына 7000 текше метр дайын бетон), 2025 жылы – сантехникалық өнімдерін шығаратын зауыт (қуаты жылына 2,5 млн. дана сантехникалық өнім, 2022 жылы – Сарыбел ауылында бие сүтін қайта өңдеу цехы (қуаты жылына 1000 литр сүт), ал Дарбазақұм ауылында жеміс-жидек дақылдарын қайта өңдеу зауыты (қуаты жылына 8000 тонна шырш, джем), сонымен қатар дамыған инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымы бар жаңа Нұркент қаласының құрылысы сынды кешенді жұмыс жоспарын жүргізуге ықпал ететіндігін айтты. Сонымен қатар адамдардың еңбек нарығындағы қажеттіліктерін ескере отырып, қайта даярлау бағдарламаларын тиімді жүзеге асыруға қол жеткізу және басқа өңірлерден білікті кадрларды тартуға

ықпал ету, ауданда тұрақты жұмыс орындарын құру бойынша кешенді шаралар қабылдауға ықпал етіп, нәтижесінде өңірде бес жыл ішінде 7,7 мыңнан астам жұмыс орны құрылады (жыл сайын орта есеппен 1500 жаңа жұмыс орны өндірісті ашу есебінен) деп бағдарламаға шолу жасап, мекеме қызметкерлеріне үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді.

Осы орайда айта кеткен жөн, тұрақты жұмыс орындарымен қамтамасыз ету бойынша алдағы уақытта «Nur Otan» партиясы:

- қаржы институттары арқылы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді мемлекеттік қолдау шараларын кеңейту (жеңілдікті кредиттеу және микрокредиттеу, келісімшарттық қаржыландыру тетігі, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу бойынша техника, жабдықтар лизингі);

- Еуропалық қайта құру және даму банкінің қаражатын тарта отырып, ирригациялық жүйелерді қалпына келтіру есебінен қосымша 6 мың га суармалы жерді айналымға енгізу (жыл сайын шамамен 700-1000 га);

- Астық жүгерінің өнімділігін 63,9 ц/га-дан 65,7 ц/га-ға дейін ұлғайту;

- Ірі қара мал санын 76,9 мыңнан 79,9 мыңға дейін, оның ішінде асыл тұқымды мал басын 12 мың басқа дейін, қой – 280,2 мыңнан 282,7 мың басқа дейін, жылқы – 18,5 мыңнан 20,6 мың басқа дейін ұлғайту;

- Жыл сайын 40 бірлік ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын сатып алу;

- 2021 жылы – Сарыбел ауылында 450 бас жылқы шаруашылығы тауар фермасының құрылысы (қуаттылығы жылына 150 тонна ет); Жерұйық ауылында 105 бас ірі қара малға арналған бордақылау алаңы (қуаттылығы жылына 66 тонна ет); Көктал ауылында 1200 басқа арналған сүт-тауар фермасы (қуаттылығы жылына 4800 литр сүт);

- 2022-2023 жылдар аралығында – Үшарал ауылында 1200 бас ірі қара малға және 3000 бас ұсақ малға арналған бордақылау кешенінің құрылысы (қуаттылығы жылына 350 тонна ет);

- 2023 жылы – Үшарал ауылында ет өнімдерін қайта өңдеу бойынша шағын цехтың құрылысы (қуаты жылына 540 тонна ет);

- 2024 жылы Жаркент қаласында 50 бас ірі қара малға арналған Ақылды сүт-тауар фермасының құрылысы (қуаттылығы жылына 228 мың литр);

- 2025 жылы – Сарыбел ауылында 200 бас ұсақ малға арналған бордақылау кешенінің құрылысы (қуаттылығы жылына 10 тонна ет) үшін «Nur Otan» партиясы өз үлесін қосатын болады. Егер партия сайлаудан халық дауысына ие болып, үздік танылса бұл шаралар АӨК-де 74-тен астам жаңа тұрақты жұмыс орындарын құруға және ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді 1,7 есеге арттыруға мүмкіндік бермек. Бұл алдағы уақытқа жоспарланған партияның басты мақсаттарының бірі.

Кандидат партияның Панфилов ауданына арналған «Дамудың жеті басымдығы» атты бағдарламасын түсіндіріп, басым бағыттарын атап өтті. «Nur Otan»



партиясы ауданды дамытудың осы 7 басым бағытын өзінің сайлауалды бағдарламасында айқындағандығын және оның басты мақсаты - халықтың өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын үздіксіз жақсарту үшін жағдай жасау екендігін бастауыш партия ұйымының мүшелеріне кеңінен насихаттап берді.



Мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік қолдау мәселелері Nur Otan партиясы үшін бірінші кезектегі мәселе. Бұл туралы Панфилов аудандық «Nur Otan» партиясы филиалында сайлауалды штаб мүшелерінің аудандық мүгедектер қоғамының орынбасары Жамауова Алтынмен өткен онлайн кездесуінде атап өтті.

Желтоқсанның 30-ы күні Панфилов аудандық «Nur Otan» партиясы филиалында аудандық мүгедектер қоғамының орынбасары Жамауова Алтынмен штаб мүшелерімен онлайн форматта жүздесу өткізді. Жүздесуде партияның сайлауалды



МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАРДЫҢ МӘСЕЛЕСІ «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫНЫҢ НАЗАРЫНДА



бағдарламасы талқыланып, өзекті мәселелер ортаға салынды.

Панфилов аудандық партиялық бақылау комиссия төрағасының орынбасары Қанат Нұркешұлы: «20 жыл ішінде партия Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың стратегиялық бағытын ұстанды. Оны қолдай отырып, бүгін де, әлі де бар кемшіліктер және түйіткілді мәселелермен бірге, болашақта шешімін табуы қажет мәселелерді жүзеге асыруға «Nur Otan» партиясы әрқашан қабілетті екенін ашық түрде жариялай аламыз. «Nur Otan» партиясы алдағы 5 жылдағы барлық қаржы ағындарына (республикалық, облыстық, қалалық немесе аудандық деңгейлерге) бағытталған сайлауалды бағдарламасы бар бірден-бір негізгі партия... Бізде барлық салада аумақтарды дамыту бағдарламаларына негізделген бағдарламалар бар, мұнда тұрғындарды мазалайтын әр елді мекеннің,

қаланың, облыстың нақты мәселелері баяндалады», – деді.

А.Жамауова «Nur Otan» партиясы халықтың жайлы өмір сүруі үшін мол мүмкіндіктер жасап жатқандығын атап өтіп, партияның «Ауданның әрбір тұрғыны жайлы өмір сүруге, дамуға және өзін-өзі жүзеге асыруға барлық мүмкіндіктерге ие болатын әл-ауқат қоғамын құрамыз», – деген бастамасын қолдайтындығын айтып өтті. Онлайн жүздесуге қатысқандар белсенді азаматтық ұстанымға ие және іс-шара ашық диалог форматында өтті. Кездесуде қойылған ең маңызды сұрақтардың бірі – екінші топтағы мүгедектердің қоғамдық көлікпен жүруі болды. Бұл адамдар қымбат дәрі-дәрмекті мардымсыз зейнетақыға сатып алуға мәжбүр болып отыр. Бұл мәселенің алдағы уақытта партия назарында болатындығын айтылды.

Екінші көтерілген сұрақ – екіншісі топтағы мүгедектерді жұмысқа орналастыру. Кездесуге қатысқан

аудандық мүгедектер қоғамының орынбасары Жамауова Алтынмен осы санаттағы азаматтарды жұмыспен қамтамасыз ету жағдайын егжей-тегжейлі тексеруге уәде берді.

Кездесу барысында өтініш бергендердің мәліметтерін жазу арқылы мүгедектер көтерген жеке сипаттағы барлық мәселелерді шешуге көмектесуге әзір болатынын айтты.

Сондай-ақ партия бағдарламасындағы «Ерекше қажеттіліктері бар адамдарды қолдау» тарауында айтылғандай ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін, оның ішінде пандустармен, бейімделген лифтермен, дәретханалармен, зағиптарға арналған бағыттаушы белгілермен қамтамасыз етуді қоса алғанда инфрақұрылымды жақсарту жұмыстары жалғастырылатындығын жеткізді. «Кедергісіз келешек» партиялық жобасын іске асыру аясында 22 мың әлеуметтік инфрақұрылым нысанына ерекше қажеттілігі бар адамдар үшін бейімдеу жұмысы жүргізіледі. Бұл ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмыспен қамту, қоғамда оларға сыйластықпен және құрметпен қарым-қатынас жасауды қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастырамыз. Мүгедектерді жұмыспен қамту,

психологиялық және құқықтық көмек көрсету орталықтары ашылатын болады. Ерекше қажеттіліктері бар адамдардың өзіне ыңғайлы жұмысты таңдауы мақсатында мамандықтар атласы жасалады. Мүгедектерді жұмысқа орналастыру квотасын орындамаған жұмыс берушілер үшін



мүгедектерге жұмыс орындарын ашуға бағытталған өтемақы төлемдері енгізіледі. 2025 жылға қарай мүгедектігімен жұмысқа орналасқан адамдар саны 30 %-ке дейін өсетін болады. Бұл туралы «Nur Otan» партиясының бағдарламасындағы айтылғандығы жүздесу барысында атап өтілді.

Кездесу соңында аудандық мүгедектер қоғамының орынбасары Жамауова Алтынмен ел басына қиын кезең орын алған кезде бірлігімізді бекемдеп, мықты болуға шақырды.



ТАЛДЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Жоспарлар жүйелі түрде іске асып келеді. Бұл туралы штаб жетекшісінің орынбасары Құрманжан Аубекұлы мен аудандық мәслихат депутаттығына үміткер Ризван Сакиова Талды ауылдық округінің тұрғындарымен өткен кездесуінде атап өтті.



Күн тәртібінде «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасы, Панфилов ауданын дамытудың 7 басым бағыты қарастырылып, ауданның әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту жұмыстары, бүгінгі таңда жұмыс бағытындағы оң өзгерістер жайы айтылды. Оған қоса аудан халқының осы уақытқа дейін көтеріп келе жатқан мәселелерінің нәтижелі орындалып жатқаны сөз етілді.

«Nur Otan» партиясының Панфилов ауданын дамытудың 7 басым бағыты өңірдің нақты проблемаларының шешімін көрсетіп, даму бағытын айқындайды. Халықтың өмір сүру сапасы мен әлауқатын жақсартады. Нақты тоқталып өтсек: экономикалық тұрақты аудан, қолайлы, әлеуметтік-бағытталған, жастарға арналған, мәдениеті мен тарихы бай, ашық және есеп беретін жергілікті органдары бар қауіпсіз аудан.

Панфилов ауданы – көпұлтты, экономикасы дамыған аудандардың

қатарында. Ауданымызда карантиндік ережелер енгізілген тұста партия тарапынан жағдайды тұрақтандыру жөнінде бірқатар шаралар қабылданғандығы аталып өтілді. Мемлекет тарапынан көрсетілген көмектің бірқатарын атап айтар болсақ, карантиндік шаралардың енгізілуіне байланысты мәжбүрлі демалыстағы қызметкерлерге 42,5 мың теңгеден төленді (наурызда – 12,7 мың, сәуірде – 13,5 мың, мамырда – 14,4 мың, шілдеде – 24,2 мың, тамызда – 26,9 мың);

- Халықтың әлеуметтік аз қамтылған топтарынан 9 731 адам азық-түлік-тұрмыстық жиынтығына арналған төлем алды.

- 1200 аз қамтылған отбасыларға атаулы әлеуметтік көмек көрсетіліп, 1-6 жас аралығындағы 1 725 балаға кепілдендірілген әлеуметтік пакет берілді.

- 1800 адамның коммуналдық шығындары өтелді.

Елбасы бастамасымен қолға алынған «Biz Birgemiz» акциясы

аясында «Nur Otan» партиясының мүшелері мен еріктілер 1821-ден астам отбасыға азық-түлік себеттерін жеткізді, 2600 адам 50 000 теңгеден алды. Тұрақтылықты сақтау үшін шағын және орта бизнеске дағдарыс жағдайында айтарлықтай қолдау көрсетілді;

- Жалпы сомасы 130 миллион теңге болатын 2 жоба Бизнесің жол картасы аясында субсидиялау және кепілдендіру түрінде мемлекеттік қолдауға ие болды;

- Жұмыспен қамтудың жол картасы шеңберіндегі жобаларға 4,4 млрд. теңге бөлінді, бұл 1047 жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді;

- ТЖ кезінде кредиттер бойынша айыппұлдар мен өсімпұлдарды есептеуге мораторий енгізілді;

- Зардап шеккен жеке кәсіпкерлер мен шағын бизнестің кредиттері бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін кейінге қалдыру енгізілді;

- Құрылыс секторында

және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығында облигациялар шығару есебінен шамамен 2,4 млн. теңге қарастырылғандығы толықтай айтылды.

Кездесуде нақты атқарылатын жұмыстар легі таныстырылғаннан кейін қатысушылар тарапынан сұрақтар қойылып, ұсыныс-пікірлер айтылып, кандидаттарға алдағы жұмыстарына сәттілік тіледі. «Nur Otan» партиясы аудандық штаб жетекшісінің орынбасары Құрманжан Аубекұлы: «Бізді әрбір тұрғынның өмір сүру деңгейін арттыруға бағытталған ортақ мақсат біріктіреді. Кез келген қиындықты еңсеріп, жеңіске бірге жетеміз!», – деп бастауыш партия ұйымының мүшелеріне абыройлы еңбек, отбасыларына амандық тіледі.

Келелі кездесу барысында тұрғындар әртүрлі әлеуметтік мәселелерді алға тартты. Сондай-ақ сенім білдіріп, қолдау көрсететіндіктерін алға тартты.





БИЗНЕСІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ -2020 БАҒДАРЛАМАСЫ

МАҚСАТЫ:

- ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН САҚТАУ ЖӘНЕ ЖАҢАДАН ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН АШУ
- ЭКОНОМИКАНЫҢ ШИКІЗАТТЫҚ ЕМЕС СЕКТОРЫНДА АЙМАҚТЫҚ КӘСІПКЕРЛІктің ТҰРАҚТЫ ӨРІ ТЕПЕ-ТЕҢДІКТЕ ДАМУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ



Бағдарламаның бағыттары



**БИЗНЕС-БАСТАМАЛАРДЫ
ҚОЛДАУ -СУБСИДИЯЛАУ**

АЗАМАТТАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ – «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚТАРЫНЫҢ БІРІ



Аудандық мәслихат депутаттығына үміткерлер Бағдат Бейсенқызы мен Айдос Айтбекұлы Шолақай ауылдық округіне барып, ауылдағы денсаулық саласы қызметкерлерімен кездесу өткізді.

Пандемия заманауи денсаулық сақтау саласының жүйелі кемшіліктерін айқындады. Азаматтарымыздың денсаулығы – «Nur Otan» партиясының негізгі басымдықтарының бірі екендігін айтқан партия үміткерлері «Nur Otan» партиясы отандық денсаулық сақтау жүйесін білікті кадрлармен, заманауи құрал-жабдықтармен, диагностика және емдеу әдістерімен қамтамасыз етуге бағытталған тиімді шараларды қажет етеді деп санайтындығын да атап өтті.

Бағдарламадағы «Парасатты және зияткер қоғам» тарауындағы «саламатты ұлт» бөлімінде «Біз медициналық кадрларды оқытудың халықаралық стандарттарына өтеміз, медицина

қызметкерлерін, оның ішінде балалар дәрігерлерін қоса алғанда нақты салаға терең бейімделген қызметкерлерді даярлауға арналған гранттар санын өсіреміз» деп нақты масқат қойып, оның



орындалу барысын алдағы уақыт жоспарына қойып отыр.

Сондай-ақ ауданда тар шеңберлі мамандардың тапшылығы байқалады, ауруларды ерте диагностикалау және азаматтарды дәрілік препараттармен қамтамасыз ету проблемалары байқалады. Осыған орай «Nur Otan» санитарлық-эпидемиологиялық қызметті күшейту, онлайн-медицинаны дамыту, медициналық практикаға диагностика мен емдеудің жаңа жоғары технологиялық әдістерін енгізу, медициналық ұйымдарды жоғары технологиялық жабдықтармен (өкпені жасанды желдету аппараттары (ӨЖЖ) аудандық көпбейінді ауруханаға) қамтамасыз ету, облыстық онкологиялық диспансер мен аудандық ауруханалар базасында қатерлі ісіктерді ерте анықтау үшін халықты скринингтік зерттеулермен қамтуды ұлғайту (жыл сайын 18 мыңнан астам скрининг), тар шеңберлі мамандардың 12 дәрігерін тарту (офтальмолог, реаниматолог, отоларинголог, неонатолог, акушер-гинеколог және т.б.), 750 медицина қызметкерінің біліктілігін арттыру, медициналық практикаға диагностика мен емдеудің жаңа жоғары технологиялық әдістерін енгізу, қатерлі аурулардан болатын өлім-жітім көрсеткішін 26,4%-ға төмендету, коронавирустық инфекциядан болатын өлім-жітімді азайту мақсатында созылмалы аурулары бар науқастарда

стационарлық және стационарлық алмастыру емін жүргізу, коронавирустық инфекция мен пневмонияның жеңіл түрлерімен амбулаториялық емдеу және бақылау үшін мобильді топтың жұмыс күшін арттыру, стационарлық және амбулаториялық емдеу кезінде дәрі-дәрмектермен үздіксіз қамтамасыз етуді көздеп отыр.

Сондай-ақ кездесуде аудандық мәслихат депутаттығына үміткерлер Бағдат Бейсенқызы мен Айдос Айтбекұлы ауданда кәсіпкерлікті дамыту, халықтың әлеуметтік әлжуаз топтарына жан-жақты қолдау жөніндегі өздерінің ұсыныс-пікірін жеткізді. Кездесу барысында аудандық мәслихат депутаттығына кандидаттар медицина қызметкерлеріне пандемия кезіндегі жанқиярлық еңбектері үшін ақжарма алғыстарын жеткізді. Үміткерлер денсаулық сақтау өкілдерімен әңгімелесу барысында Nur Otan партиясы өңірдегі денсаулық сақтау саласындағы күрделенген мәселелерді шешуге бағытталған басым бағыттарға кеңінен тоқталып өтті.

Еліміздің бүгінгідей бейбітшілікте өмір сүруі – сол қанды майданда ерен ерлік көрсеткен хас батырлардың арқасы. Бүгінгі ұрпақ Тәуелсіздік үшін, егемендігіміз үшін, ашық аспан астындағы бейбіт өміріміз үшін ата-бабаларымыздың алдында мәңгі қарыздар.

Осы орайда бүгінгі ұрпаққа еліміздің тарихы мен басынан кешкен қиындықтарын, бүгінгі егемендіктің оңай жолмен келмегендігін дәріптеу мақсатында қаңтар айының 4-жұлдызында «Nur Otan» партиясы Панфилов аудандық мәслихат депутаттығына үміткерлер Раушан Баякеева, Руслан Тулақбаев, Қуат Иманханов zoom платформасы арқылы өз әлеуметтік желідегі парақшалары арқылы «Ер есімі – ел есінде» атты тыл ардагерлерімен кездесу өткізді.

«Халқымызда есімдері жас ұрпаққа үлгі боларлық жерін жаудан, өз елінің өзгенің құлдығында болудан қорғаған батыр бабаларымыз көп болған. Бүгінгі ұрпақ сол батыр бабаларымызға Тәуелсіздігіміз және бүгінгі тыныш, бейбіт, уайымсыз күніміз үшін мәңгі қарыздармыз. Олардың ерлік істері біздің мәңгі есімізде», – деген партия үміткерлері аудан жастарына тарихымызды ұмытпай, әрдайым дәріптеуге шақырды.

Кездесу барысында ауданымызда Ұлы Жеңісті жақындатуға сүбелі үлестерін қосқан есімдері белгілі Ақымжанов Құдайберген, Найманбаев Жұмаділ, Шарипов Абак, Боранбаев Мұқа, Ақымжанова Сақыпжамал, Қыбраев Ағиса, Даутов Сраждин, Даутов Исмаил, Мусалимов Тұрған, Худайбердиев Абдурахман, Даутов Сауыт, Илахунова Омай,

ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ



Юсупов Розэм сынды ардагерлерді еске алып, есімдерімен кеңінен таныс болдық. Кездесуде партия кандидаттары ел бірлігі мен Ұлт көшбасшысы – Елбасымен бірге қызмет еткен сындарлы жылдардағы болған жарқын кездесулер жөнінде айтып өтті. Кездесуге қатысқан ардагерлер Отан деген киелі ұғымды толыққанды түсіну әр адамның өзінің туған жеріне, өз еліне деген сүйіспеншілігінен бастау алатынын өз өмір өткелдерінен мысал келтіре отырып баяндап берді. Жастардың санасында Отансүйгіштік пен патриотизм киелі ұғымдары толыққанды қалыптасуы үшін әрбір қазақстандық өзінің жетістіктерін туған Отанына, еліне арнауы керек екендігі айтылды. «Партияның көшбасшылық қабілетін оның әрбір мүшесі өз ортасында таныта білуі керек және соған орай жауапкершілікке де ие болады. Халқымыздың арасында «Nur Otan» партиясының рөлі өте жоғары болуы керек», – деген партия үміткерлері

«Nur Otan» партиясына дауыс беруге шақырды.

«Біз – бақытты ұрпақпыз. Осы бақытымызды, шаттық күндерімізді бағалай, құрметтей білейік! Тәуелсіз Қазақстан

мәңгі жасасын! Еліміз гүлдене, көркейе берсін», – деп партияның сайлауалды бағдарламасы рухани құндылығымызды бағалап, өткеніміз бен бүгінгімізді сабақтастыруды көздейтіндігін айтты.



«ЕСІКТЕН – ЕСІККЕ» АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА ПАНФИЛОВ АУДАНДЫҚ «NUR OTAN» ҮМІТКЕРЛЕРІ КЕЗДЕСУЛЕР ӨТКІЗДІ



сапасын кезең-кезеңмен жақсарту үшін партия 97,7 шақырым орташа жөндеуді көздейтін кентішілік жолдардың сапасын кезең-кезеңімен жақсарту, 2021 жылы Керімағаш ауылына кірме жолдың 3,6 шақырым жөндеу және Желтоқсан 2,4 шақырым және Искандерова 1,6 шақырым көшелеріне, Сарыөзек-Көктал жолының 4,46 шақырым, Сарытөбе ауылына кіреберіс жолын күрделі жөндеу жұмыстарына, 2023 жылы Жиделі ауылына кірме жолдың 2,1 шақырым жөндеу, 2025 жылы Жерұйық (Нағарашы) ауылының ішкі жолдарын жөндеуге «Nur Otan» партиясы қол жеткізетіндігін де баяндап берді.

Панфилов ауданы барлық тұрғындар өздерін қауіпсіз сезінетін аудан болуы керек. Осы орайда, «Nur Otan» партиясы құқық қорғау органдарының қылмысқа қарсы күрес жөніндегі қызметінің тиімділігін арттырады, бейнебақылау, көшелерді жарықтандыру жүйесін дамытуды көздеп отыр.


Панфилов аудандық мәслихат депутаттығына үміткер Аширов Ахметжан шалғай елді мекендердегі газ, су, жарық мәселелерінің барлығы 2025 жылға дейін оң шешімін табатындығын, әрі мұның барлығын «Nur Otan» партиясы өз бақылауына алатындығын жеткізді.

Қаңтар айының 5-жұлдызы күні Панфилов аудандық мәслихат депутаттығына үміткер Аширов Ахметжан «Есіктен есікке» акциясын өткізді. Партия кандидаты COVID-19-ға қатысты жағдай еңбек нарығына өзіндік түзетулер енгізіп, жұмыспен қамту саласындағы белсенділікті және халықтың табысын айтарлықтай әлсіреткендігін айтты. «Nur Otan» партиясы жаңа инвестициялық жобаларды іске асыру арқылы тұрақты жұмыс орындарының санын көбейту, әркім өзін және отбасыларын лайықты өмір деңгейімен қамтамасыз ете алу міндетін қойып отырғандығын алға тартып, тұрғындарды партияға қолдау білдіруге шақырды.



2021 жылы:

- ✓ Керімағаш ауылына кірме жолдың 3,6 шақырымы;
- ✓ Желтоқсан 2,4 шақырымы;
- ✓ Искандерова 1,6 шақырым көшесі;
- ✓ Сарыөзек-Көктал жолының 4,46 шақырымы;
- ✓ Сарытөбе ауылына кіреберіс жолына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі



«Есіктен-есікке» акциясы аясында ұйымдастырылған бұл шарада өңір тұрғындары өз ұсыныс-пікірлерін білдіріп, партия бағдарламасына қызығушылық танытты. Кездесу барысында сайлаушылар тарапынан айтылған ұсыныс-пікірлерді үміткер жазып алып, назарға алатындығын жеткізді. Атап айтқанда, дәрігерлерді қайта даярлау, экология, елдегі тұрақтылық сынды мәселелерді ортаға салды. Сондай-ақ «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасы да талқыланды. Кездесуге қатысушылар «Nur Otan» партиясын қолдайтындығын білдіріп, үміткерлерге сәттілік тіледі.

Партия үміткері тұрғындарға алдағы бес жылда автожолдардың



Сайлауға санаулы күндер қалды. Ал үгіт-насихат жұмыстары әлі де қарқынды жүріп жатыр. Қаңтардың 5-і күні «Nur Otan» партиясынан аудандық мәслихат депутаттығына үміткерлер «Есіктен есікке» акциясын өткізді.

Нақтырақ айтқанда Заитов Тұрған акция аясында Диханқайрат ауылында болып, сайлаушыларға «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасының негізгі бағыттары, халықтың өмірін жақсарту бойынша бірінші кезекте қандай міндеттер қойылғандығы туралы айтып берді. Ал тағы бір партия кандидаты Аширов Ахметжан COVID-19-ға қатысты жағдай еңбек нарығына өзіндік түзетулер енгізіп, жұмыспен қамту саласындағы белсенділікті және халықтың табысын айтарлықтай әлсіреткендігін айтып, «Nur Otan» партиясы жаңа инвестициялық жобаларды іске асыру арқылы тұрақты жұмыс орындарының санын көбейту, әркім өзін және отбасыларын лайықты өмір деңгейімен қамтамасыз ете алу міндетін қойып отырғандығын алға тартып, тұрғындарды партияға қолдау білдіруге шақырды.

Аудандық мәслихат депутаттығына үміткердің бірі Әділетхан Иманбеков Нәдек ауылында болып, тұрғындарға 2021-2025 жылдары Нәдек ауылының мәдениет үйінің күрделі жөнделу жұмыстарының жүргізілуі туралы партия бағдарламасында қамтылғандығын айтып, ауыл тұрғындарын қуантты. Сондай-ақ аталған ауыл халқының талап-тілектерін тыңдап, алдағы уақытта ескерілетінін айтып, 10 қаңтар күні өтетін сайлауда дұрыс таңдау



жасауға шақырды. Мұнымен қоса депутаттыққа үміткер ретінде белсенді іс-шаралар өткізіп, алдыңғы шептен көрініп жүрген Раушан Баякеева қала көшелерін аралап, үгіт-насихат жұмыстарын кең көлемде жүргізді. «Бұл жәй үгіт-насихат емес, бұл үлкен жұмыс. Біздің тұрғындардың сыртта бейжай қалмайтындығына және осындай кездесулер барысында өздерін мазалайтын мәселелер мен



ХАЛЫҚ АРАСЫНДАҒЫ ҮМІТКЕРЛЕР



сұрақтарын көтеріп, ауданның дамуына өз үлестерін қосып жатқаны қуантарлық жағдай», – деген үміткер «Nur Otan» партиясы бұрынғыдай әрбір қазақстандықтың әл-ауқатын арттыру бағытына адал болып қалатынына зор сенім білдіріп, қала тұрғындарын ертеңгі күні туралы алаңдамай, лайықты жағдайда өмір сүруі үшін алдағы сайлауда дұрыс шешім қабылдауға шақырды.

Биыл қастерлі Тәуелсіздігімізге 30 жыл толады. Бұл – қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес. Ұлан байтақ кең даланы алып жатқан еліміздің жан-жағы көгілдір, күрең ала таулар қоршаған жерде туып өскен Елбасымыздың мұраты – биік, арманы – асқақ. Осы жылдар ішінде қазір әлем таныған ел болып отырғанымыз елін сүйген Елбасының арқасы десек қателеспейміз. Өйткені, қазақ халқының тарихи Отаны, сонау түп аталарымыздың мәңгілік бесігі, ұрпағымыздың ұлы ордасы Қазақстанды, Қазақ елін әлем халқы тәуелсіздік алғаннан кейін ғана танығандығын партия үміткерлері үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу барысында барған жерлерінде баяндап жүрді. Тарих тұрғысынан алғанда, отыз жыл – көзді ашып жұмғандай қасқағым сәт. Дегенмен, бұл көптеген халықтар үшін қиындығы мен қуанышы, дағдарысы мен дамуы алмасқан тұтас дәуір деуге болады. Біз де осындай жолдан өтіп келеміз, деп аудандық мәслихат

депутаттығына үміткерлер жүрген жерлерінде Тәуелсіздік жылдары жеткен жетістіктеріміз туралы да баяндап жүруді ұмыт қалдырған жоқ.

Кездесулер барысында партияның сайлауалды бағдарламаларын халыққа түсіндіріп, үнпарақтар таратылды. Кәсіпкерлік, шағын және орта бизнесті қолдаудағы мемлекеттің жүзеге асырып отырған жобаларын, сонымен қатар «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасында айқындалған басымдықтар жайында да сөз қозғап, өңір халқының түрлі сұрақтарына тосылмай жауап берді.



ДАМИР ДИГАЙ ЕҢБЕК ЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Қаңтардың 6-сы күні «Nur Otan» партиясынан Мәжіліс депутаттығына кандидат Дамир Дигай Тоғыз Социалистік Еңбек Ері, көптеген ауыл шаруашылығының майталмандары шыққан суы нәрлі, жері құнарлы алтын аймақтың Кеңестер Одағы кезінде даңқын шығарғандардың бірі де бірегейі Күләш Айтжанова апамызбен онлайн жүздесу өткізді.

Онлайн кездесу барысында Мәжіліс депутаттығына кандидат Дамир Дигай ардагерлерге, зейнеткерлерге қамқорлық жасау – біздің ортақ міндетіміз. Оларға қолдау көрсету ұдайы партия назарында екендігін атап өтті. Сондай-ақ партия бағдарламасындағы «Аға ұрпаққа қамқорлық» тарауында: «Ардагерлерді ардақтайық» партиялық жобасы аясында біз медициналық-әлеуметтік мекемелерде қарт адамдардың өмір сүру жағдайына мониторинг жүргізуді жалғастырамыз, сондай-ақ Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, тыл еңбеккерлеріне және зейнет жасындағы адамдарға жоғары технологиялық медициналық көмек көрсетуге бастамашылық жасаймыз», – деп партияның алға қойған басты мақсаттарына кеңінен тоқталып өтті. Және осындай асыл



жандарды қадірлеу арқылы біз жас ұрпақты адал еңбекті сүйеге, туған ел мен туған жерді құрметтеуге баулимыз, үйретеміз деген партия кандидаты еңбек адамды адамды бақытқа, мерейге бөлейді, есімін елге танытады. Осыған қос ананың өткен өмірі мен елі үшін еткен еңбегі куә екендігін қатысушыларға баяндап өтті.

Ал жас ұрпаққа үлгі-өнеге боларлық өмірі мен еңбек жолы бар Социалистік Еңбек Ері Күләш Айтжанова апамыз болса өз кезегінде «Nur Otan» партиясы бүгінде өзіндік дәстүрі, қол жеткен табысы мен тәжірибесі, қатары қалың жақтастары бар партия екендігін атап өтіп, алдағы сайлау науқанында партияға қолдау білдіретіндігін жеткізіп, барша қазақстандықтар бейбіт өмір, тұрақтылық пен жарқын болашақ үшін дұрыс таңдау жасап, дауыс беруге шақырды.



ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ – КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ



Қаңтардың 6-сы күні Панфилов аудандық мәслихат депутаттығына үміткер Руслан Тулақбаев ауыл кәсіпкерлерімен жолығып, сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді.

Ауыл кәсіпкерлеріне үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу барысында партия үміткері еліміздің тәуелсіздік жылдары қол жеткізген жетістіктері мен «Nur Otan» партиясы жеке меншікке қол сұғылмауды, ашық бәсекені, макроэкономикалық тұрақтылықты, қолайлы инвестициялық ахуалды және экономиканы әртараптандыруды қолдайтындығын айтып өтті. Бұл – кәсіпкерлікті жандандыруға, инвестицияларды өсіруге, елдің орнықты дамуын қамтамасыз етуге қажетті жағдайлар.

Мемлекет орта таптың тірегі, экономикалық дамудың қозғаушы күші, инновацияның, жұмыспен қамтудың және қоғамның әлеуметтік тұрақтылығының негізі болатын бизнеске жан-жақты қолдау көрсететіндігін де жан-жақты баяндап берді.

«Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасында шағын және орта бизнесті дамыту аудан экономикасының өсу резервінің бірі болып табылатындығын, алайда әлем елдерін сарсаңға салған індет бизнестің экономикалық белсенділігінің төмендеуіне айтарлықтай әсер ететіндігін жеткізді. Осы тұрғыда «Nur Otan» партиясы зардап шеккен кәсіпкерлердің қызметін қалпына келтіру және бизнесті одан әрі дамыту үшін, оның ішінде «Атамекен» ҰКП-мен мемлекеттік қолдау мен ынтымақтастықтың қолданыстағы құралдарын белсенді пайдалану арқылы жағдай жасайтындығын айтып өтті.

«NUR OTAN» ӘРҚАШАН

Алдағы саяси науқанның сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарының соңғы күндерінде «Nur Otan» партиясын қолдау шаралары жан-жақты ұйымдастырылып, партия бағдарламаларын түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Атап айтар болсақ, партия үміткерлері «Есіктен есікке», канвассинг, «Үміткерге сұрақ қой», «Ер есімі – ел есінде», «Денсаулық – зор байлық» сияқты әртүрлі тақырыптағы флешмобтар мен онлайн жүздесуге белсенді атсалысып, қоғамдық орындарда партияның сайлауалды бағдарламалары насихатталды. Партияның ерікті жастары қатысқан флешмобтарда ҚР мемлекеттік Туы мен партия туы биіктерде желбіреді. «Nur Otan» партиясы жастарға жан-жақты қолдау көрсете отырып, «Жастар – Отанға» жобасын жүзеге асыруды жалғастырады. Жастарды толғандырған сапалы білім алу, жұмыссыздық, баспана, талантты жастарды ынталандыру мәселесі «Nur Otan» партиясының негізгі басымдығы болады.

Еліміздің Тұңғыш Президенті, Елбасымыз, партия Төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың: «Nur Otan» партиясының 2025 жылға дейінгі «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір!» атты сайлауалды бағдарламасы – біз қолға алған реформалардың заңды жалғасы. Жаңа бағдарлама – аса ауқымды, бірақ нақты жоспарланған, қажетті ресурстармен



қамтамасыз етілген мақсаттар мен бағдарлар жиынтығы» деген алғы сөзі партияның үгіт-насихат жұмыстары барысында тұрғындарға түсіндіріліп, нақты жоспарлар мен міндеттер реті толықтай сараланды деген сенімдеміз. Партияның республикалық сайлауалды бағдарламасы алғаш рет 216 аймақтық бағдарламада егжей-тегжейлі көрініс тапты. Бұл алға қойған міндеттерді еліміздің кез келген өңірінде, барлық деңгейде тиімді іске асыруға мүмкіндік бермек. Партияның өз сайлауалды тұйынамасын тиімді іске асыруы еліміздің өркендеуін, үстемдігін, заңдылық пен тәртіптің сақталуын қамтамасыз ететініне сеніміміз мол.

Сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарының аяқталуына орай аудан тұрғындарына Елбасы басшылығымен өткен жол: Қазақстанның басты 10 жетістігін толықтай баяндап беруді жөн көріп отырмыз.

Бірінші – Қазақстанның айналасына «тату көршілік белдеуі» түзілді. Әлем бізді бұрын танымайтын. Шекарамыз шегенделмеген еді, бұл еліміздің аумақтық тұтастығына тікелей қауіп төндірді. Алғаш рет біз еліміздің құрлықтағы 13,4 мың

шақырым және судағы 2,3 мың шақырым шекарасын халықаралық келісімдермен бекіттік. Бұл басқа мемлекеттермен ынтымақтастық орнатуға, шетелдік инвестицияларды тартуға негіз болды. Олардың көлемі 350 млрд. доллардан асты.



Екінші – экологиялық апаты асқынған ауқымды аймақтарды қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Арал экологиялық апаты мен Семей полигоны экожүйеге, оны қоршай орналасқан аймақтардың әлеуметтік-экономикалық және демографиялық жағдайына барынша теріс әсер етті.

Біз Семей ядролық сынақ полигонын жаптық, іргелес аумақтардағы жағдайды жақсарту үшін кешенді шаралар қабылдадық. Осы арқылы барша әлем елдеріне мемлекетіміздің бейбіт өмір, берекелі тіршілікті жақтайтын ел екенін паш еттік.

Біз әлемдік деңгейде алғанда аса ауқымды Арал теңізін қалпына келтіру, іргелес аумақтардағы өмір сүру сапасын жақсарту бойынша экологиялық жобаны өз күшімізбен іске асырдық.

Үшінші – Қазақстанда бірлік, бейбітшілік, келісім және тұрақтылық түбегейлі орнықты. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында көпшілік біздің елімізде



ХАЛЫҚПЕН БІРГЕ



ұлтаралық қактығыстар туындап, құлдырауға ұшырап, кері кетеді деген болжамдар жасады. Халқымыздың даналығы мен кендігінің арқасында біз ұлтаралық келісімнің ерекше моделін іске асырдық. Біз барлық ұлт өкілдерінің өзіндік ерекшеліктерін сақтай отырып, мемлекеттік тілді, мәдениет пен дәстүрді сақтау мен дамытуға жағдай жасадық. Елбасының бастамасымен құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы ұлт бірлігін нығайтуға зор үлес қосып келеді. Біздің осынау тәжірибеміз бүгінде әлемде мойындалып, көптеген мемлекеттер оған қызығушылық танытып отыр.

Төртінші – түбегейлі жаңа нарықтық экономика құрылып, еліміздің әлеуеті едәуір артты. 90-шы жылдары Қазақстан гиперинфляция, бюджеттің ұзаққа созылған тапшылығы, ел табысының күрт төмендеуі және жұмыссыздықтың өсуімен қатар жүрген күрделі экономикалық дағдарысты бастан кешірді. Соған қарамастан, біз бүгінгі таңда посткеңестік елдер арасында көлемі 2-ші және әлемнің 206 елі ішінде 41-ші орын алатын экономиканы құрдық.

Бесінші – демографиялық дағдарыс еңсерілді. 1991-1998 жылдар аралығында Қазақстаннан 2,6 млн. адам көшіп кетті. Өмір сүру ұзақтығы қысқарып, туу деңгейі күрт төмендеді. 1999 жылы халқымыздың

саны 14,8 миллион адам болды. Бүгінде халық саны шамамен 4 млн. адамға өсті. 1 миллионнан аса қандасымыз Отанымызға оралды. Біз өмір сүру ұзақтығының 7,5 жасқа өсуіне, ана өлімінің 4,8 есе және сәби өлімінің 2,4 есе төмендеуіне қол жеткіздік.

Алтыншы – қазақстандықтардың өмір сүру сапасы едәуір жақсарды. Халықтың табысы доллармен шаққанда 9 есе өсті, кедейлік деңгейі 10 есе, 4,6%-ке дейін қысқарды. Елімізде бұрын жеке меншіктің болмағанына қарамастан, қазір 1,3 млн. қазақстандық жеке бизнес иесі болып отыр. Олардың ел экономикасына қосқан үлесі 30%-тен асады. 131,5 млн. шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді.

Жетінші – экономиканың жаңа салалары қалыптасты. Қазақстанда бұрын өндірістің толық циклды кәсіпорындары болған жоқ. Экономика негізінен шикізаттық бағытта қызмет етті, өнеркәсіптің 93%-і бұрынғы КСРО-ның орталық ведомстволарына бағынды.

Тәуелсіздік жылдары біз ең үздік әлемдік стандарттарға сәйкес келетін мұнай-химия кешенін құрдық, мұнай-химия индустриясының дамуына, металлургияны қайта өңдеуге негіз салдық, Қазақстанда өндірілмейтін 500 өнім түрін шығаруды игердік. Бүгінде Қазақстан өнімдерін 132 елге экспорттайды.

Сегізінші – еліміздің ұзақ мерзімді экономикалық қауіпсіздігі үшін жағдай жасалды. Біз өз ресурстарымызды тиімді игеріп, Ұлттық әл-ауқат қорын құрдық. Бүгінгі күні Қазақстанның алтын-

жол, біреуі – Түркіменстанға, Иран мен Күнгей Кавказға шығатын теңіз порттары салынды. Қазақстан Қытай мен Еуропа арасындағы жүктердің 85%-тінің жерүсті тасымалдануын қамтамасыз ететін ең ірі трансконтиненталды көпірге айналды. Транзиттік кірістер жылына 2 миллиард долларға жетті.

Оныншы – тәуелсіз Қазақстанның символына айналған және әлемдегі кез-келген заманауи мегаполистен кем түспейтін, ел мақтанышы – жаңа астана бой көтерді. Елорда құрылысы ауқымды міндеттерді шешуге мүмкіндік берді. Атап айтқанда, ол ел экономикасының дамуына серпін беріп, басқа қалалардың да өмір сүру сапасы стандарттарын арттыруға жол ашты. Бүгінгі таңда Нұр-Сұлтан – маңызды халықаралық бастамалардың, іргелі іс-шаралар мен келіссөздердің орталығы.

Біз азаматтарымызды «Nur Otan» партиясының «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» атты сайлауалды бағдарламасын қолдауға және алға қойылған міндеттерді іске асыруға



валюта жинағының көлемі шамамен 100 млрд. долларға жетті. Бұл – біздің қауіпсіздігіміздің кепілі. Осының арқасында біз әлемдік дағдарыстарды ауыр күйзелістерсіз еңсеруге мүмкіндік алып отырмыз.

Тоғызыншы – көлік тәуелсіздігі қамтамасыз етілді. Бізде көршілеріміздің сыртқы нарықтарына да көлік қатынасы болған жоқ. Бүгінде Қытайға үш көлік-транзиттік

баршаңызды белсене атсалысуға шақырамыз.

Біз бірлесе отырып, әрбір Қазақстан азаматы бақуатты өмір сүруі, өзін-өзі дамытуы үшін барлық мүмкіндіктер жасалған берекелі қоғам құрамыз.

Қиындықты еңсеріп, жеңіске бірге жетеміз!

«Nur Otan» партиясына дауыс беріңіз!



Иә, біз модернистік қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Иә, біз жаңа заманның ұрпағымыз. Қала берді, ұғымдар мен құндылықтар алмасқан тіршілік дағдысының перзентіміз. Бірақ, бұл тәрбие бастауынан қол ұзу деген сөз бе? Кім айтты, кеше деген ескілік деп? Қазақы сана ендігі өміріміздің ұстыны бола алмайды деп, кім айтты? Бұл кезең – ұмыту кезеңі. Біз тамырымызда тулаған кейбір ақпараттарды ұмытып қалдық. Соның бірі – тыйымдар. Ауызекі жасалған бұл мәдени жаңғырық сан жылдар бойы бір халықты сақтап келді. Бұдан кейін де сақтай алмақ. Белгілі этнограф – ғалым Ақселеу Сейдімбек қазақтың дәстүрлі тыйымдарын үш түрлі етіп бір ізге келтірген екен. Яғни, адамға, қоғамға және табиғатқа қатысты тыйымдар...

Бесікті теппе

Беттеп келе жатқан көп малды бойлай бөліп өтпе.
 Беті – қолыңды жуынбай тұрып, малды өріске шығаруға болмайды.
 Босағаға сүйенбе.
 Босағаны керме.
 Бос бесікті тербетпе.
 Бөтен үйге түнде сәлем беріп кірме («Кеш жарық» деу керек).
 Бүгінгі істі ертеңге қалдырма.
 Біреуге тесіліп қарама.
 Бір қолмен нан үзбе.
 Бір қолыңмен су құйма.
 «Біссімллә» демей ас тапта.

 Дастарханды аттама.
 Дастарханды пышақпен қырма.
 Дәм ішуді қонақтан бұрын доғарма.
 Дос – жаран, құда – жекжаттан ит алма, ит берме.
 Дүние қума.

 Екі кісінің арасынан өтпе.
 Елсіз жерде жалғыз ұйықтама.
 Елшіге тиіспе.
 Ерректің бес қаруына әйел адам тиіспес болар.
 Ер – тоқымды аударып қойма.
 Ер – тоқымды теріс салма.
 Ер адамды әйел түртіп оятпас болар.
 Ескі дауды еске алма.
 Ескі моншаға кірме.
 Есікті қатты серіппе («Қайтып кірер есікті қатты серіппе» деген).
 Есікті теппе.

 Жайдақ атқа мінбе.
 Жайдақ ерге мінбе.
 Жақсының жасын сұрама.
 Жақсыны әжуалама.
 Жақсы аттың жағын ашпа.
 Жақсы істі қызғанба. Жақыныңа міндетсіз берме.
 Жалғыз тал шимен ұрма (жалғыз қаласың).
 Жаңа байығаннан қарыз алма.
 Жаңа түскен келіншек алғашқы перзентін көргенше іш киімін қысқартуға болмайды.
 Жаңа үйленгенмен қонсы қонба.
 Жаралы басқа жұғыспа.
 Жастыққа отырма.
 Жасы үлкенге әзіл айтпа.
 Жас баланы ұрма.
 Жас босанған әйел үйге кірген итке «кет!» демейді (тісі түсіп қалады).
 Жас келін түскен үйіндегі жақындарының атын атамас болар.
 Жас малдың мүйізін сипама (қисық болып өседі).
 Жас малдың тісін санама.
 Жас төлді сипай берме (еспей қалады).
 Жатарда көп тамақ ішпе.
 Жатқанда аяғыңды құбылаға берме.
 Жатқан кісінің үстінен аттама.
 Жатқан малдың үстінен аттама (омыртқасы

ҚАЗАҚ ҰСТАНҒАН ТИЙЫМДАР



сынады немесе қасқыр жейді).
 Жатып тамақ ішпе.
 Жаяу қамшыланба.
 Жеңіл ақылмен дос, жолдас болма.
 Жер таянба.
 Жер таянып отырып ас ішпе.
 Жетім – жесірге тиіспе.
 Жозыға мінбе.
 Жозының қасында тырнақ алма.
 Жүйрік атқа әйел адам мінбес болар.
 Жүріп келе жатып тамақ ішпе.
 Жыңғылмен ат айдама.
 Жіптің астынан өтпе.
 Жіпті мойнына салма.

 Қабірді баспа.
 Қазан ернеуін босағаға қарай қисайтып аспа (несібең сыртқа төгіледі).
 Қайшыны көк шөпке тастама.
 Қаралы елге тиіспе.
 Қара, қызыл, ақ түсті шүберекті үй үстіне жайма (қаралы тудың белгісі).
 Қарт адамның алдын кеспе.
 Қаруды адамға кеземе.
 Қатты сөйлем.
 Қатынға қатты сенбе.
 Қатын мен балаға сыр айтпа.
 Қисынсыз сөз айтпа.
 Қой қырқатын қайшыны иесіне қайтарғанда қол жалғап берме (қайшыны жүнге орап, «мұны мен емес, жер берді» деп, жерге қояды).
 Қолыңды артыңа айқастырып жүрме.
 Қол жумай жозы қасына отырма.
 Қонағыңа ашуланба.
 Қонағыңды жұмсама.
 Қонақтың алдын орама.
 Қораға дәрет сындырма.
 Қотанда ысқырма.
 Құбылаға қарап дәрет сындырма.
 «Құранды» жерге тастама.
 Құран оқығанда жалаң бас отырма.
 Құран оқығанда түрегеп тұрма.
 Қызға ер баланы тегубе болмайды.
 Қыз баланы босағаға отырғызба.

 Кәрі жілікті әйел балаға ұсынба.
 Кешкі асты бақпа.
 Кеште тырнағыңды алма.
 Киімді желбегей жамылма.
 Көгенді аттама.
 Көптен дараланба.
 Көп ішінде жалғыз тамақтанба.
 Көрпенің ірге жағын тұйықтап жатпа.
 Көрпені теріс салма (яғни, көрпенің тұйық жағын босағаға қаратып салуға болмайды).
 Көршіне жамандық ойлама.
 Күйеуіңнен бұрын жатпа.
 Күйеуіңнің ірге жағына жатпа.
 Күні түскенге кісәпір болма.
 Күректің сабын аттама.
 Кірдің суын баспа.
 Кірдің суын есік көзіне төкпе.
 Кісіге қарап бала емізбе.

Кісіге қарап есінеме.
 Кісіге қарап орынсыз күлме.
 Кісіге пышақ сұқтама.
 Кісіні айналма.
 Кісі келгенде тамақ сұрама.
 Кісі келгенде үй сыпырма.
 Кісі көзінше керілме.

 Майлы тамақтан соң салқын су ішпе.
 Малға баскиім лақтырма.
 Малға зекіме.
 Малға қант, тұз ұсынып шақырма.
 Малға алдынан бос ыдыспен шығуға болмайды.
 Малдың бітіміне, сүттілігіне сұқтанба.
 Малды бөтен адамға саудыртпа.
 Малды қу шыбықпен немесе қабықталған ағашпен айдама.
 Малды сауарда балтаны ағашқа шанышпайды.
 Малды сауған соң қол жумай тұрып, қол беріп амандасуға болмайды.
 Малшыдан «Не бағып жүрсің?», «Не сауып жүрсің?» деп сұрама.
 Мал қоршауына шықпа.
 Мал сауатын ыдысты төңкеріп ұстама.
 Мал сауып жатқанда иесімен сөйлесіп, сауынның жанына келуге болмайды.
 Мал төлдеп жатқанда қарызға ешгенге берме.
 Маңдайшаға төбенді тіреме.
 Мас қылатын ішімдік ішпе.
 Мойынға белбеу салма.
 Молаға қарай жүгірме.
 Молаға қарап дәрет ұсатпа.
 Моланы саусағыңмен көрсетпе.
 Мүгедек адамды мазактама.
 Мүрдеге топырақ салғанда күректі екінші адамға қолмен берме.
 Мүрдеге топырақ салғанда күректі табаныңмен баспа.

 Намазды бөлме.
 Нанды бір қолмен үзбе.
 Нанды жерге тастама.
 Нанды лақтырма.
 Нанмен ойнама.
 Нанның ұнтағын тастама.

 Ойланбай сөйлем.
 Ойланбай іс бастама.
 Орынсыз кіно қойма.
 Оттықты жақпа.
 Өзгенің алдындағы асқа сұғынба.
 Өзінде жоққа мақтанба.
 Өзіңе ұнамағанды өзгеге теліме.
 Өз басыңа лайық емес сөз айтпа.
 Өлген кісіні жамандама.
 Өліктің дене топырағын сәндеме.

Өлімге бата жасап қайтқанда басқа үйге кірме.
 Өлім бар да қаза бар екенін ұмытпа.
 Өсек тасыма.
 Өтірік айтпа.

 Пышақпен ойнама.
 Пышақтың жүзін жалама.
 Пышақтың жүзін жоғары қаратып тастама.
 Пышақты нанға қадама.

 Сүйекті отқа салма.
 Сүттің бетін ашық қалдырма.
 Сүтті үрлеп ішпе.
 Сүт сауатын шелекті су басына апарма.
 Сыйлаған немесе сатқан малды еске алып қайғырма.
 Сыйлаған немесе сатқан малды жүген, ноктасымен жіберме.
 Сыпырғышпен ұрма.
 Сырыңды көрінгенге шашпа.

 Табалдырықтың сыртында тұрып сөйлеспе.
 Табалдырықты баспа.
 Тәкаппар болма.
 Тамаққа қос қолмен сұғынба.
 Тамақ ішіп отырған кісіге тесіле қарама.
 Тамақ ішіп отырып тұрып кетпе.
 Таңғы асты тастама.
 Таяққа сүйенбе.
 Тоқымды төсенбе.
 Төрге қарап жүреңнен отырма.
 Төсекте жылама.
 Тұзды баспа.
 Тұмса малдың алғашқы сауған сүтін бөтенге берме. Тұмса малды алғаш сауған соң «Сүтті екен» деп мақтама.
 Түнде айнаға қарама.
 Түнде бақырып жылама.
 Түнде жалғыз суға түспе.
 Түнде кір жайма.
 Түнде сандық ашпа (шығын болады, сандық ашу керек болса, «жылан кіріп кетті» деп ашады).
 Түнде суға баруға болмайды (әсіресе әйел адамға).
 Түнде түсіңді айтпа.
 Түнде шаш алма.
 Түрегеп тұрып дәрет ұсатпа.
 Түсіңді аузы бейпіл адамға жорытпа.
 Тымақ үстінен тымақ киме.

 Ұыздан соң іле суық су ішпе.
 Ұрлық жасамас.
 Үйге қарай жүгірме.
 Үйге сыртыңмен кірме.
 Үйде өлік жатқанда от жақпа.
 Үйде ысқырма.
 Үйді айналма.
 Үйіңе келсе, үйдегі дауыңды айтпа («Алдына келсе, атаңның құнын кеш» деген).
 Үлкенге қарсы келме.
 Үлкенге «Сен» деме.
 Үлкеннен бұрын билік айтпа.
 Үлкеннен бұрын төрге шықпа.
 Үлкеннің сөзін бөлме.
 Үлкен кісіге сыртыңды берме.
 Үлкен кісіден бұрын дәмге қол созба.
 Үлкен кісінің жолын кесіп өтпе.

 Шақырғаннан қалма («Шақырғанға бармасаң, шақырғанға зар боларсың» деген).
 Шақырмаса барма.
 Шамды үрлеп өшірме.
 Шаңыраққа сәлем бермей кірме.
 Шарап ішпе.
 Шашты баспа.
 Шашты далаға тастама.
 Шәйнектің шүмегің төмен қаратпа.
 Шошқа етін жеме.
 Шылым шекпе.
 Шырақты үрлеме (ұмытшақ боласың).
 Ыстық тамақты қомағайланып ішпе.

mazhab.kz

	<p>«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТІ Меншік иесі: «БАҚ» ЖК Директор – Дархан БЕЙСЕНБЕК Бас редактор – Молот СОЛТАНАЕВ Бас редактордың орынбасары – Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ Дизайнер – Әділет МҰСАХАЕВ</p>	<p>➢ Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген. ➢ Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында теріліп, беттелді. ➢ Газет индексі - 65161 Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді. ➢ Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты. ➢ Газет Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр кентіндегі «Принт плюс» баспаханасында басылды. Офсеттік басылым. ➢ Нөмірдің таралымы: 1000 дана</p>	<p>Мекен-жайымыз: Алматы облысы, Жаркент қаласы, Е.Сыпатаев көшесі, 242 үй, 14 пәтер Тел.: 8/705/412-78-48; 8/705/277-16-91; 8/777/971-57-67 Газет екі аптада бір жарыққа шығады. Тапсырыс: №2152</p>
	<p>Газеттің эл.почтасы: jar-aina@mail.ru</p>		